Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№42 (941)

25.10.2019

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БАСПАСӨЗ -2020

«АЛАТАУҒА» ЖАЗЫЛАЙЫҚ

Бүгінде ақпарат тарату жолдары сан түрлі. Күнделікті жұмыс барысында интернет желісін пайдаланғанымен дәстүрлі басылымдардың, соның ішінде газеттердің орны ерекше. Бұл тұрғыдан келгенде «Алатау» газеті де жиырма жыл ішінде елдің рухани серігіне айналды деуге болады.

Басылымның өз бет бейнесі, көркем қолтаңбасы, қалыптасқан ұстанымы бар. Яғни, жаңалықтың жаршысы болып келетін «Алатау» қоғамдық-саяси газеті жұмысын жүйелеп, ел ішінде оқылымды газеттің біріне айналды. Жыл басынан бері газетімізге жазылу науқаны жүріп жатқанын жақсы білесіздер. Осы орайда, басылым бетінде арнайы ұтыс ұйымдастырылып, жарты жылдықтың соңында қорытындыланған болатын. Ұтыс ойынына қатысып, жеңімпаз атанған жүлдегерлер арнайы марапатталды да. Басылымға жазылып, жүлдегер атанғандар арасында Астана қаласынан қатысқан мектеп мұғалімі де бар. Нақты айтсақ, Жалғызқұдық орта мектебінің мұғалімі С. Ақылаева. Жүлдегеріміз екінші орын иегері атанып, шаңсорғыш сыйлығын алған еді.

Ұтыстың бірінші орын жүлдесі Талдықорған қаласының тұрғыны А. Қадыроваға бұйырып, ұялы телефон сыйлығын иеленді. Үшінші орын иегері және мультиварка сыйлығын алу құрметі талдықорғандық Ш.Шаяхметовке бұйырды. Төртінші орын мен қысқатолқынды пештің иесі Кербұлақ ауданына қарасты Шанханай ауылының тұрғыны Д. Джабагиевке тиесілі болды. Қатысушылар арасынан жүлделі бесінші орынды және блендер сыйлығын Ақсу ауданына қарасты Арасан ауылының тұрғыны Ф. Қырықбаева ұтып алса, Сарқан қаласынан жазылған Р. Райенқұлова алтыншы орынға ие болып, миксер сыйлығына ие болды.

Өз кезегінде Сәнді Ақылаева «Алатау» жайындағы айрықша пікірін білдіріп, редакциямызға хат жолдапты.

- «Алатау» қоғамдық-саяси газеті тәуелсіздік жолында жұмыла атқарған ұлы істер мен ел ішіндегі түйткілді мәселелерге түртпек болып, халықтың үніне құлақ түріп, темірқазығы болуға күш салып келетін, кәрі мен еңбектенген жастың санасына ой түсіретін бірден-бір басылым деуге толық негіз бар. Елдің үні болған сүйікті басылым «Алатауға» келер жылы да жазыламын деп отырмын. Редакция ұжымына шығармашылық табыс, еңбектеріне жеміс тілеймін. Ұлт ұстазы А. Байтұрсынов айтқандай, «Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек». Олай болса, сүйікті басылымдарыңызға жазылуды ұмытпаңыздар!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН! Келер жылға басылымға жазылу науқаны басталды. «Алатау» қоғамдық-саяси газеті рухани жансерігіңізге айналсын десеңіз, газетке жазылуды ұмытпаңыздар!

БАСПАСӨЗ - 2020

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне 2020 жылға жазылу басталды.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін
1 жылға – 4470, 20 теңге.
ауыл тұрғындарына
1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2020 год на общественно-политическую газету «АЛАТАУ».

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
1 год – 3640 тенге.
для города областного значения
1 год – 4470, 20 тенге.
для сельского населения
1 год – 4700, 80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЛЕУМЕТ

340 МЫҢНАН АСТАМ ОТБАСЫ мемлекеттік жәрдемақы алуға үміткер

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ МАМАНДАРЫНЫҢ ЕСЕБІ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДЕ 4 НЕМЕСЕ ОДАН ДА КӨП БАЛАСЫ БАР 340,3 МЫҢ ОТБАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ АЛУҒА ҮМІТКЕР.

Аталған мемлекеттік жәрдемақы 4 немесе одан да көп, кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар барлық көпбалалы отбасыларға кірісіне қарамастан төленеді деп көрсетілген. Мемлекеттік жәрдемақының мөлшері бала санына қарай қойылады. Баса айта кету керек, бұл тек көпбалалы отбасыларға лайықталған. Яғни, 4 баласы бар отбасыларға 42 500 теңге, 5 балаға 53 125 теңге, 6 балаға 63 750 теңге, 7 және одан да көп балаға 74 375 теңге төленеді. Орта есеппен алғанда, жәрдемақы мөлшері әр балаға 10-11 мың теңгеден келеді. Сонымен бірге «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқасымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған және «Ана даңқы» орденімен марапатталған көпбалалы аналарға да жеке мемлекеттік жәрдемақы төленеді, олардың орташа мөлшері 16 160 теңгені құрайды. Биылғы 1 қазандағы жағдай бойынша оны 235 мыңға жуық адам алады. Бұл мемлекеттік жәрдемақының төленуі сақталады.

Биылғы жылдың 7 қазанында өткен ҚР Үкіметі отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов атаулы көмекті 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізу жоспарланып отырғанын айтып, атаулы әлеуеттік көмек көрсетудің бағдарламасының жаңа мүмкіндіктері жайлы түсіндірді.

– Ең басты принцип – мемлекет көмекке мұқтаж адамдарға, әсіресе балалар мен көпбалалы отбасыларға көмектеседі. Еңбекке қабілетті азаматтар жұмыс істеуі керек. Мемлекет жұмысқа орналасуға немесе шағын бизнеспен айналысуға көмектеседі. Мемлекеттік көмекке көпбалалы отбасыларды қолдау, табысы төмен отбасыларға атаулы әлеуеттік көмек көрсету, табысы аз отбасылардағы балаларға берілетін кепілдендірілген әлеуеттік пакет кіреді, – деді Біржан Нұрымбетов.

Сонымен бірге Еңбек және халықты әлеуеттік қорғау министрлігі өзінің www.enbek.gov.kz ресми сайтында орналастырылған атаулы әлеуеттік көмек көлемін есептеуге арналған онлайн-калькуляторды іске қосты. Бұл өз кезегінде әлеуеттік пәкет туралы әлі де болса түсіне алмаған азаматтар үшін жасалған. Атаулы әлеуеттік көмек берілетін көпбалалы отбасыларға қолдау республикалық бюджеттен мемлекеттік жәрдемақылар енгізу арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл мемлекеттік жәрдемақы барлық көпбалалы отбасыларға (4 немесе одан да көп кәмелетке толмаған баласы бар) табысына қарамастан беріледі. Атаулы әлеуеттік көмек табысы аз отбасыларға, оның ішінде көпбалалы отбасыларға төленеді. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызы атаулы көмекті тағайындаудың негізгі талабы болып

қала береді. Егер, еңбекке қабілетті отбасы мүшесі ұсынылған жұмыстан және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларынан бас тартса, онда атаулы әлеуеттік көмек төлемі тек оған ғана емес, бүкіл отбасына тоқтатылады. Сондай-ақ, табысы аз отбасылардан шыққан балалар үшін кепілдендірілген әлеуеттік пакетті енгізу ұсынылады. Атап айтқанда, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды азық-түлік жиынтығымен және гигиеналық құралдармен, 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларды мектепте ыстық тамақпен, оқу құралдарымен және мектеп киімімен қамтамасыз ету, сондай-ақ, оларға мектепке дейінгі жол жүру шығындарын өту қарастырылған. Ал медициналық, оның ішінде стоматологиялық көмек 18 жасқа дейінгі балаларға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және Міндетті әлеуеттік медициналық сақтандыру шеңберінде көрсетіледі.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Биылғы жылыту маусымына Алматы облысы сақадай-сай. Жылтуға қажетті барлық жұмыс түгелдей дерлік аяқталған. Бұл туралы облыстық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында айтылды.

КӨМІР БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Бағлан Тәнекеновтің айтуынша бюджеттен бөлінген 10,3 миллиард теңгенің басым бөлігі, шамамен 7,8 миллиард теңгесі көмір, мазут, солярка секілді жанармай мен отынға жұмсалды. Алынған материалдардың барлығы әлеуметтік нысандардың қажетіне жұмсалады. Бүгінгі таңда ауруханаларға, мектептер мен балабақшаларға қажетті заттар толықтай жеткізілді. Осылайша облыстағы әлеуметтік саланың 869 нысаны көмірмен толық қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, жылу маусымына дайындық барысында 33 автономды пеш күрделі жөндеуден өткізіліп, 14 пешті табиғи газге лайықталып жасаған. Қазіргі уақытта жылыту жүйелерін жөндеу 100 пайызға жүргізіліп, 14,8 километр магистралды құбыр ауыстырылды. Көппәтерлі тұрғын үйлер тексерістен өтікізіп, 3,5 мыңнан астам үй дайындық паспортын алған. Ал, жекелеген үйлерде тұратындарға биыл шамамен 1,4 миллион тонна көмір қажет деп жоспарлануда. Қазір соның 966,5 мың тоннасы тұрғындарға жеткізілсе, қала қорында 109,5 мың тонна көмір бар. Жоғарыдағы сандық мәліметтерді негізге ала отырып, Баглан Сағындықұлы биыл қыста облыста көмір тапшылығы мәселесінің болмайтындығын баса айтты. Аймақты газдандыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Бұл мақсатқа бюджеттен 7,3 миллиард теңге бөлінген. Соған орай Алматы – Талдықорған, Талдықорған – Текелі бағыттарында магистралды газ құбыры тартылып, жол бойындағы 144 ауылға "көгілдір отын" жеткізілді. Биылдан бастап Үштөбе, Бақанас, Сарыөзек автоматтандырылған газ тарату стансылары пайдалануға берілді. Алдағы уақытта, Үшарал қаласына дейінгі, ұзындығы 224 километр болатын газ құбырының жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде. Алыс аудандарға газ тарту жұмыстары басталып, «Кеген» автоматты газ тарату стансысына конкурс өткізу қолға алынды. Ал Талдықорған қаласын толықтай газдандырудың үшінші кезеңі аяқталды. 54 мың абоненттің 6,7 мыңы және 23 коммуналдық мекеме газға қосылды. Алдағы 2020-2021 жылдары облыс орталығы газбен толық қамтамасыз етіледі.

Қоғамдық кеңес мүшелері кейбір теміржол қоймалары мен жеке сатылымдарда бір тонна көмірдің құны 15 мың теңгеге дейін өскеніне алаңдаушылық білдірді. Бұл бағаның ішіне жеткізіп беру мен жекенің табыс құны қоса есептелген. Әзірдің өзінде облыс көлемінде жүзге жуық орында заңбұзушылық анықталған. Әсіресе, көмір қоймаларға уақытылы жеткізілмеу, көмір сатуға рұқсат құжаттарының болмауы сияқты мәселелерге орай құзырлы органдарға хат жіберілді. Қоғамдық кеңес мүшелерінің айтуынша, биыл Ақсу және Сарқан аудандарындағы көмірдің бағасы қазірдің өзінде тоннасына 19-23 мың теңгеге жеткен. Қымбатшылықты болдырмаудың жолын қарастырған Қоғамдық кеңес отырысы кәсіпкерлер мен аудан әкімдіктері арасында жанар-жағармайды субсидиялаған тиімді деп тапты. Жиында, сондай-ақ, облыс әкімдігінің №110, №584 қаулылары жария талқыланып, көпшілік қолдауына ие болды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АКЦИЯ АЯСЫНДА

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – ЖІТІ НАЗАРДА

Жарақаттанудың алдын алуда баланың физикалық дамуының мәні зор. Ересектер жағы баланың жарақат алуында ешкімді кінәлі етіп көрсетпей, жай ғана кездейсоқтық деп қарауға дағдыланған.

Біз (ересектер) балалардың жарақаттану мәселесін, оларға қандай факторлар тәуелді екенін, уақытылы жоюды да жақсы білуіміз керек.

«Қос қанат Жетісу» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Балалар ортасындағы қауіпсіздік» атты акциясын өткізуде. Акция мақсаты - балалардың өмір қауіпсіздігі мен жарақаттануының алдын алудағы ата-аналар мен мұғалімдер назарын аудару болып табылады.

Іс-шара Алматы облысының жалпы білім беретін мекемелер шеңберінде ұйымдастырылуда. Ал науқан бағдарламасы бірнеше блоктан тұрады. Атап айтсақ, шолу бөлімі, мамандар жұмысы; бейнелерді қарау; диалогтық алаң; ақпараттық материалдарды дайындау/жұмыс таныстырылымы.

Шолу бөлімінде қатысушылар келесі сұрақтарды қарастырады:

- Жарақат дегеніміз не?
- Жарақат түрлері?
- Балалар жарақатының алдын алу;
- Жазатайым оқиғалар кезіндегі балаларға алғашқы көмек.

Аталмыш іс-шараны ұйымдастырушылар қатысушыларға балалардың қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын, травматологиялық сақтықты қалыптастыруға ерекше мән беру керектігін түсіндіруде. Ал бұл мақсатта балаларға қайшымен, инемен, басқа да кесу үшін қолданатын тұрмыстық және өткір заттармен жұмыс істеу бойынша, үстелде тұрған ыстық сұйықтығы бар қазанды алу ережесі, жарақат алу қауіпі бар балалар өмірінен қандай да бір жағдайлар көрсетілген әңгімелер мен суреттерді талқылауға үйрететін тақырыптық ойындар мен сабақтар өткізуге болады.

Барлық қатысушы балалар жарақатының деңгейін төмендетуде бала-бақшаның, мектептің және отбасының бірлескен күш-жігерінің маңызы зор деген пікірде.

Айта кетейік, бүгінгі күні аталмыш акция Алматы облысының 9 ауданында өткізілді.

Әнел СЫРЛЫБАЕВА
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

ШАРА

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢ – АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ШАҚ. СЕБЕБІ ДӘЛ ОСЫ ШАҚТА АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ НЕГІЗІ ҚАЛАНАДЫ.

Репродуктивті денсаулық және отбасын жоспарлау

Жасөспірімге оның салауатты өмір салтын ұстану әдеттеріне тікелей өзінің ғана емес, болашақ балаларының да денсаулығы тәуелді екенін түсіндіру керек.

Осы орайда «Қос қанат Жетісу» қоғамдық бірлестігінің қызметкерлері аудандық орталық аурухананың медициналық мамандарымен бірлесіп мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруда «Репродуктивті денсаулық - СЫЙ! Оны сақта» ақпараттық компаниялар ұранымен шара өткізуде. Бұл шара «Алматы облысының Денсаулық сақтау басқармасы" ММ және "Алматы облысының Білім басқармасы"ММ қолдауымен жалпы білім беретін мекемелер базасында ұйымдастырылуда.

Компанияның басты қатысушылары жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттері болып табылады.

Іс-шараның басты мақсаты – ерте жыныстық өмірдің басталуымен болатын қауіп-қатерлер туралы білім алушыларды ақпараттандыру, қауіпсіз жыныстық мінез-құлықтың қажеттілігіне және отбасын жоспарлауға сенімділікті қалыптастыру.

Іс-шаралар бағдарламасы бірнеше блоктан тұрады:

Репродуктивті денсаулық:

Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?

Некеге тұру жасы.

Репродуктивті денсаулыққа әсер ететін факторлар.

Қыздың репродуктивті денсаулық жағдайына зиянды әдеттердің әсері.

ЖЖБИ туралы ақпарат.

Ерте жыныстық байланыс.

Контрацепция әдістері.

Отбасын жоспарлау:

Отбасы дегеніміз не?

Отбасының дәстүрлі және дәстүрлі емес түрлері.

Отбасы қызметі: репродуктивті, экономикалық, коммуникативтік, бос уақыт өткізу, жыныстық.

Қауіпсіз және жауапты жыныстық мінез-құлық.

Неке жасы.

Біздің қызметіміз жастарды өз мәселелерінің алдын алуға және оны шешуге бағытталады. Жастардың өзі қатыспай, олардың денсаулығын сақтау мүмкін емес. Қанша дегенмен олардың профилактикалық жобаларға қатысуы саналы әрі белсенді болып, жастардың мінез-құлқы тәуекелге айналып, салауатты өмір салтын таңдауға қатысты тұрақты нанымдар қалыптастырады.

Аталмыш іс-шараны облысымыздың барлық ауданында өткізу жоспарланған.

«ҚОС ҚАНАТ ЖЕТІСУ» қоғамдық бірлестігі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МНОГОДЕТНОЙ СЕМЬЕ ПОДАРИЛИ ЧАСТНЫЙ ДОМ

В рамках проекта «Бақытты отбасы» партийцы подарили многодетной семье частный дом, сообщает пресс-служба областного филиала партии «Nur Otan». Для поддержки малообеспеченных и многодетных семей в Алматинской области разработана Социальная карта, на реализацию которой было изыскано из местного бюджета 3,5 млрд. тенге. На сегодня 136 многодетных семей уже обеспечены собственным жильем, из них 116 - за счет спонсоров. В целом, до конца года 672 семьи получат квартиры. В честь празднования Дня города в Талдыкоргане при участии председателя областного филиала, акима области Амандыка Баталова состоялась церемония вручения 100 ключей от домов в жилом массиве «Береке».

Сегодня же новоселье празднует семья Манапбаевых. Им подарил ключи шестикомнатного дома в селе Шелек депутат областного маслихата, предприниматель Осан Жанкелди. В доме за счет спонсора проведен полный евроремонт, куплена вся необходимая мебель. Многодетной семье остается только заехать и жить. Отметим, что мать многодетной семьи Алмакуль Манапбаева воспитывает 3 детей с особыми потребностями. Для нее это огромная поддержка и помощь.

«Жанкелди Кошимбаевич является активным спонсором не только в районе, но и в масштабе области. Мы наслышаны о его добрых делах. За такие благие дела удостоен награды «Жомарт жүрек» (Благородное сердце). Как активный член партии он также участвует в реализации партийных проектов. К примеру в прошлом году при его поддержке в районе был открыт IT класс. Я искренне благодарю Жанкелди Кошимбаевича за его поддержку и выражаю радость многодетной семье», - говорит заместитель председателя областного филиала Гульнар Тойлыбаева.

На XVIII Съезде партии «Nur Otan» Председатель нашей партии дал всем нам поручения повысить социальную ответственность, активно вовлечься в жизнь общества, своего региона, района, аула. Мы должны вместе развивать и строить будущее нашей страны. Пусть этот дом станет уютным гнездышком для ребятишек этой многодетной семьи.Ведь радость детей – это лучший подарок для любого из нас», - отмечает депутат.

На мероприятии принимали участие также председатель Енбекшиказахского района Бинали Ыскак, депутаты маслихатов всех уровней, аксакалы и представители местной исполнительной власти.

Завершился праздничный день новосельем в ресторане «Шаңырақ».

Ш. ХАМИТОВ.

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ДЛЯ ЖЕНЩИН-ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

Как сообщает пресс-служба областной палаты предпринимателей, в Талдыкоргане состоялся семинар-тренинг для женщин-предпринимателей Алматинской области.

В ходе семинара были обсуждены такие важные для любого предпринимателя вопросы, как меры финансовой и нефинансовой поддержки для ведения бизнеса в Казахстане, государственные программы для развития малого и среднего бизнеса, экономика простых вещей, кредитные программы БВУ, создание личного бренда, PR предприятия и др.

В рамках семинара состоялась «Встреча без галстуков» с директором Палаты предпринимателей Алматинской области Шаяхметовым А.Н и заместителем акима Алматинской области Байжумановым Б.К.

Приглашенной гостьей семинара-тренинга стала Мариям Негметжанова - международный тренер по коучингу, психолог-практик, ст. преподаватель Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан. Она рассказала участницам семинара о том, как раскрыть свой творческий потенциал и осознать себя как профессионала своего дела.

Семинар был организован «Советом деловых женщин».

Совет деловых женщин Палаты предпринимателей Алматинской области является постоянно действующим консультативно-совещательным органом Региональной палаты предпринимателей.

Основной миссией Совета является объединение женщин в единый союз в цепях повышения их активности в деловой среде. Совет ставит своей задачей вовлечь как можно больше женщин в предпринимательство.

Ш.БАТЫРОВ.

ПОД ТАКИМ ДЕВИЗОМ ОО «КОС КАНАТ ЖЕТЫСУ» ПРИ ПОДДЕРЖКЕ ГУ «УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ» ПРОВЕЛО ШИРОКОМАСШТАБНУЮ АКЦИЮ «МАРШРУТ БЕЗОПАСНОСТИ» В ПАРКЕ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН. РАЗРАБАТЫВАЯ ПРОГРАММУ АКЦИИ, СОТРУДНИКИ ОРГАНИЗАЦИИ ПРЕСЛЕДОВАЛИ СРАЗУ НЕСКОЛЬКО ЦЕЛЕЙ – ПРОПАГАНДА ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ, ПОВЫШЕНИЕ УРОВНЯ ИНФОРМИРОВАННОСТИ ПО ВОПРОСАМ ПРОФИЛАКТИКИ ВИЧ/СПИД, РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ И МОЛОДЕЖНОГО ЭНТУЗИАЗМА.

БОЯТЬСЯ НЕ НУЖНО – НУЖНО ЗНАТЬ!

Программа состояла из приветственных слов, с которыми перед участниками выступили врач эпидемиолог инфекционист поликлиники №1 города Талдыкорган Смайлова Айгуль Мусагуловна и врач эпидемиолог Областного Центра СПИД Акашева Рая Байшаловна. В своем выступлении они рассказала о эпидемиологической ситуации по ВИЧ в области и городе Талдыкорган, о рисках существующих в молодежной среде.

Территория парка была украшена праздничным баннером, шарами, площадка оформленная баннерами – паучками, содержащими информационный материал, викторины, конкурсные задания. В проведении акции приняли участие 8 волонтеров, которые проводили консультирование молодежи по принципу «равный равному». Врач эпидемиолог Серикболатов Д.С. проводил для желающих до тестовое консультирование и отвечал на вопросы молодых людей, касающихся защиты от ВИЧ. Так же в мероприятии приняли участие сотрудники санитарной службы города, педагоги, родители и жители города.

Проведение акции позволило создать молодежную площадку для получения информации по профилактике ВИЧ. Молодежь и студенты приняли участие в мероприятие, которое способствовало самостоятельному осмыслению процессов ЗОЖ, происходящих в молодежной среде.

Проведение флешмоба, конкурсов, концертной программы, подготовленной студентами колледжей, помогло раскрыть творческие способности учащихся, выразить свою гражданскую позицию относительно выбора здорового образа жизни. Все участники награждены призами и подарками. Мероприятие прошло при поддержке ГУ «Управления здравоохранения Алматинской области» и Акимата города Талдыкорган.

ОО «КОС КАНАТ ЖЕТЫСУ»

Полосу подготовила: А. МУРАТҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЕЛЕ

КӨЛІКТІҢ ЖЫРЫ мен ХАЛЫҚТЫҢ МҰҢЫ

Талдықорғандағы тұрғындар наразылығын үнемі тудыратын мәселе қаладағы қоғамдық көліктердің қызмет көрсету сапасы. Тұрғындар автобустардың уақытылы жүрмеуі, аялдамаға тоқтамай кетуі және жүргізушілердің дөрекілігі сияқты шағымдарын үнемі айтады.

Қоғамдық көлік мәселесі жыл сайынғы әкімнің есеп беру жиналыстарында тұрақты қаузалатын тақырыптардың бірі. Әкім де көлік қозғалысы үшін жасап жатқан жұмыстарын жіпке тізіп бергенмен бәрібір жағдай дұрыстала қойған жоқ. «Қалалық әкімдік тарапынан Талдықорғанда муниципалды автобус паркін құру жоспары жасалуда, алдағы уақытта халық игілігіне беріледі» деген экс-қала әкімі Дастан Шалтабаевтың ұсынысы да аяқсыз қалды. Қала күн сайын өсуде, соған орай әкімшілік тарапынан ұйымдастырылған бағыттар мен автобустардың жетіспеушілігі жағдайды тіптен ушықтыруда. Қала жолдарының күрделі жөндеуден өтуіне байланысты қазір кейбір көшелер уақытша жабылған. Соған орай қоғамдық көлік жүргізушілері жолаушыларға айналма жол туралы алдын-ала ескерту жұмыстарын жүргізбеген. Бұл өз кезегінде жүргізушілер мен жолаушылар арасындағы түсініспеушілікті де тудыруда.

2018 жылы көлік тасымалы бойынша өткізілген конкурс нәтижесінде 7 тасымалдаушы кәсіпорын бұл міндетті мойындарына алған. Қазір қалада 26 бағыт бойынша 190 автобус жолаушыларға қызмет көрсетуде. Автопарктер жаңа көліктерді қолданысқа беріп жатқанымен, бұл әлі де болса аздық етуде. Себебі, жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен іске асырылуда. Қала тұрғындары осы мәселенің тез шешімін таппағанына да наразы. Талдықорғандықтар автобустың қай жерге келіп, қай жерде тұрғанын анықтау үшін GPS құрылғыларын пайдаланады. Соның ішінде танымалы Infobus бағдарламасы. Әуелде автобустардың қозғалыс кестесін бақылауға мүмкіндік береді делінген бағдарлама әлі де болса жетілдіруді талап етеді. Кейбір кездері жұмыс істеу икемділігі төмендеп кететіндіктен, жолаушылар амалсыз жол қарауға мәжбүр.

- Қыста ескі автобустардың жылту жүйелері дұрыс жұмыс жасамайды. Есік қайта-қайта ашылып, жабылатындықтан іші суық. Балаларды мектепке апарып, алып қайтқанда тұмау тие ме деп қорқамыз. №18 автобустың көбі ескі, оның үстіне «Плодопитомник» шағын ауданына кірмей, шетімен жүреді. Бізге ыңғайсыз» - дейді Жанар есімді қала тұрғыны.

Қала орталығына жақын жатса да әлі күнге инфрақұрылымы толық бітпеген шағын аудан тұрғындарының жай-күйімен шенділер жақсы таныс. "Талдықорған қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі Нұрбақыт Алтынбеков:

- Қалада қызмет ететін 7 автомобиль паркі де конкурс шарттарын толық орындауға келісім берген. Ол шарт негізінде алдағы үш жылдың ішінде автобустарды дерлік жаңартулары керек. Ал автомобиль парктерінің әкімшілікпен жасалған келісіміне сәйкес асфальт төселген көшелермен ғана қоғамдық көліктер жүргізуге құқылы. Келесі жылы көшелерге асфальт жатқызылса, №18 автобус «Плодопитомник» шағын ауданының екі көшесі бойынша қатынайды. Ал жылыту маусымының басталуына орай автомобиль парктерімен жүру жилігін көбейту мәселесі қарастырылуда, - дейді.

Қалада жаңа бағыттардың ашылып жатқанын айтқан маман жақын күндері 4 маршрут «Жастар 2» тұрғын үй ауданына дейін ұзартылатынын, жаңа бағыттар ашу бойынша жұмыстар жалғасты жүргізіліп жатқанын жеткізді. Автобустардан бөлек жүргізушілер тарапына да үнемі сын айтылып келеді, олардың жолаушылармен қарым-қатынасы көңіл көншітпейді. Даудың көбі уқытылы жүрмеу мен аялдамаларға тоқтамаудан туатын көрінеді. Әзір қала орталығында смарт аялдамалар салынып, бүкіл елге мақтанып, көрсетіп жатқанымызбен, қала шетіндегі көшелер мен саяжайларда аялдама тұрмақ, белгі де жоқ. Аялдаманың жыры бірнеше жылдан бері БАҚ беттерінен түспей келе жатқаны да жасырын емес. Одан бұрын күйіп тұрған бүгінгі мәселеге қайта оралсақ, тұрғындар жүргізушілерді тек қызмет өтіліне қарап қана алатын автопарк басшыларын кінәлайды. Оларға халықпен қалай жұмыс жасау керектігін түсіндірмеген дейді.

Гүлшат НҮСІПОВА, қала тұрғыны: - *Мен №23 автобусқа Ушинский мектебінің аялдамасынан №2 мектепке дейін отырған болатынмын. 80 теңге жолақымды отыра сала төледім. Ал автобус жүргізушісі бағдаршамнан Жансүгіров көшесіне бұрыла бастады. «Қайда бұрылып бара жатырсыз?» деген сөзіме жауап та бергісі келмеді. Мен 2-3 рет қайталадым, сонан соң ол автобусты тоқтатып, «Пошта мен №2 мектепке отырғандар осы жерден түсіндер» деп есігін ашты. «Басқа жолмен жүретініңізді неге хабарламайсыз?» деп едім, ол: «Мен сіздің қайда баратыныңызды иіскеп білемін бе!» деп шаңқ ете түсті. Сонда біз автобусқа кіргенде мен сонда барамын деп айтуымыз керек пе? Оның маршруты белгілі ғой, сондықтан сол автобусқа отырамыз. Осындай жағдай бір рет қана емес, бірнеше рет қайталанды. Сол автобус жүретін бағыттағы жол жөнделіп жатса болды, жүргізушілер қалай жүргілері келсе солай жүре салады. Жолаушыларға хабарлау деген жоқ. Әйтеуір сол №23 автобус жүргізушілері ылғи солай жасайды.*

Ал әкімшілік тарапы мұндай келеңсіздіктер жеке адамның мәдениетінің көрінісі екендігін, шағымдар мен өтініштерді дер кезінде шешуге тырысатындықтарын айтады. Сонымен бірге тасымалдаушы кәсіпорын басшылығына оспадар қылық көрсеткен жүргізушілер үшін ескертулер жібереді екен. Жоғарыдағы шағым бойынша №23 маршурт қарайтын «TRANSTAL» автомобиль паркіне хабарласқанымызда автопарк директорының орынбасары Данияр Жұмағалиев маршурттың қалай жүріп тұратынын өздері шешпейтінін айтып, бұл мәселеге қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі міндетті деп жауапкершілікті сол жаққа сілтеді. «Біз тек әкімшілік белгілеп берген бағыт кестесі бойынша жүргізушілерді жеткізуге жауаптымыз», - дейді автопарк басшылығы.

Данияр ЖҰМАҒАЛИЕВ, «TRANSTAL» автопаркі директорының орынбасары: - *Біз бұл бойынша арнайы міндеттемелерді қолға алып жатырмыз. Атап айтсақ, аптасына бір рет жүргізушілердің біліктілігін арттыру мақсатында арнайы сабақ өткізіледі. Мұнда өзін қалай ұстау керектігі, жүргіншіге қандай мәміледе болу жөнінде арнайы мамандар дәріс береді. Ал жұмысқа алу кезінде арнайы стажировкадан өткізіледі. Жүру графигын диспетчерлер қадағалауда. Жол жөндеу және кептеліс салдарынан кешігетін жағдайдың бар екендігі рас. Бұйыртса, жақында қала көшелеріне біздің жаңа автобустарымыз қатынайды. Арыз-шағым бойынша арнайы телефон желілері біздің паркке қарайтын барлық қоғамдық көлік ішіне жазылған. Тұрғындар сол арқылы бізге кез келген уақытта шыға алады.*

Автопарк басшылығы келіспеушіліктерді осылай тарқатуға тырысып жатқандықтарын, қысқа қарай автобустар санын көбейту, кешкілік жүру уақытын ұзарту сияқты мәселелердің қашан шешілетіні белгісіз екендігін айтады.

Бұл біз көтерген бір-екі автобустың ғана емес, қалада қатынап жүрген барлық қоғамдық көліктердің ортақ проблемасы. Біз тілдескен қала тұрғындарының бәрі дерлік қоғамдық көлік жұмысына толық риза еместіктерін білдірді. Мұны қоғамдық көліктерді әкімшілік тарапынан қадағалауды күшейту, сапа мәселесін талап етуге басты себеп ретінде көрсетуге болады. Әкімшілік автомобиль парктерінің жұмысын бағалайтын сауалнамалық анкеталар толтыртып, соған сай емес көліктердің немесе парктер жұмысын тоқтата алар мүмкіндігі болғанда бұл жайттардың ешбірі жүз бермес еді. Аялдаманы жаңалап қана қоймай, бір уақыт елдің де жан айқайына құлақ түрген жөн болар.

Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

КӨШЕ АТАУЛАРЫН ҚАЗАҚША АТАЙЫҚШЫ

«Қызыл атаулардан қашан құтыламыз? Біз осы қайда тұрамыз? Қазақстанда ма? Әлде... Түсетін аялдамаларды байырғы атаумен айтып жүргеніміз жүрегімді ауыртады» деп хат жолдапты редакциямызға қала тұрғыны Мәриям апа.

Бұл тек апаның ғана емес, бүгінгі қазақ тіліне жан ауыртқан жалпының ойы деуге тұрарлық. Шынында да, бүгінде қоғамдық көліктерде көшелердің, аялдамалардың ескі атауларын айтады. «Чапаевадан» түсетіндер бар ма? «Чапаевадан» тоқтаңызшы. «Севернаядан» түсетіндер дайындалсын, - деген сөздерді жиі естиміз өзіміз. «Әй балам «Талқыбаевадан» тоқташы» деген атаның сөзін естімеген сыңаймен «Севернаядан» түстіндер бар ма? - деп бұрмалап кететін жүргізушілер қарасы да көбейген.

Осы тұста редакциямызға хат жолдаған Фариза Шонкенова өз ойын былайша әспеттепті. *«Автобусқа отырсаң, қазақстанда жүрмегендейсің. Мәселен, №33 автобуспен кешкі сағат 6-7-лер адамдардың жұмыстан, балалардың мектептен қайтар шағы. Отырғандардың дені өзіміздің қара көздер. Алайда аялдама атауларын дерлік орыс тілінде айтатынына таңым бар. Мәселен, остановка «Дом печати», «Магазин», «Седьмой», «Двадцать четвертый», «Детсад», «Поворот» тағы сол секілді жалғаса береді. Осы бір көрініске жүйкең ауырып, кеудеңді ыза кернейді екен. Өзіміздің сол баяғы қарындастарымыз, ана тілді тұншықтырып, жас ұрпақтың санасын улауда. Қоғамдық орындарда тіліміз орысша сайрап тұрса, онда кейінгі ұрпақтың бойына қазақ тілін қалай сіңіреміз? Ең алдымен өзімізді түзеуіміз керек қой. Ал ана тілімізді түземей, ештеме түзелмейді.*

Мен тек бір ғана автобустағы жайтты айтып отырмын. №33 автобуста ғана емес, №5, №23, №25 көліктерде да орыс тілінің дәурені жүріп тұр. Әй, бұлай жалғаса беретін болса, болашақта қазақ тілінің көсегесі көгермес. Осы орайда, тілдерді дамыту жөніндегі арнайы басқарма бар емес пе? Сол басқарманың тілге жауапты мамандары осындай дүниелерді назардан тыс қалдырмаса екен деймін. Қоғамдық көліктерде қағажу көріп келетін қазақ тіліне қамқорлық танытылса, нұр үстіне нұр болар еді. Тіл тазалығы – ұлт мәдениетінің айнасы екенін қоғамдық орындарда ескертіліп тұрса, тіліміз тұғырынан түспес» деген апайымыз хатын «Мені қоғамның мүшесі ретінде тіл тазалығы толғандырады. Ендеше, көше атауларын қазақша атайықшы..» деп аяқтапты.

Тіл тағдыры – ел тағдыры. Ал бұл туралы сіздің ойыңыз қандай? Хат жазып, хабарласыңыздар, көзі қарақты оқырман.

Әзірлеген С. ӘЙТЕНОВА.

ДӘҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ 2 ҚЫРКҮЙЕК КҮНГІ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН "СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ" АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ РЕТІНДЕ РӨЛІН КҮШЕЙТІП, ОНЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТІЛІНЕ АЙНАЛДЫРУ ТУРАЛЫ МАҚСАТ ҚОЙҒАНЫ БАРШАҒА АЯН. ОСЫ ТАЛАПТАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА, АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫНДА «СОТТА ІСТІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖҮРГІЗУ» ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ.

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

Оған мемлекеттік органдардың өкілдері, кәсіпкерлік компаниялар шақырылды. Кездесуге құрметті қонақ ретінде Қазақстанның еңбек сіңірген Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Алматы облысының Құрметті азаматы, журналист, ақын Әли Ысқабай, Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бөлім басшысы Т.Рахымберлина, Алматы облысы Кірістер департамаентінің маманы Г.Досымбаева, Алматы облысы әкімдігінің өкілі А.Шынырбаева, «Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ еншілес кәсіпорны «ЖетісіАгроСауда» өкілі А.Сырымбетова экономикалық сотының судьялары Г. Қасымбаева, М.Сәдуақасова, А.Абдрахманов, Д.Тоқбаев қатысты.

Сотта істі мемлекеттік тілде жүргізу басқа мемлекеттік органдардан келіп түскен арыз тілдеріне тікелей байланысты екендігі айтылды. Сондықтан мемлекеттік органдар сотқа дейінгі іс жүргізуде тілдік қағидатты сақтау, оны реттейтін құқықтық нормаларды, процестік құжаттарды дайындау кезінде қатаң сақтауға тиіс мәселелері көтерілді. Басқосуда баяндама жасаған судья Гаухар Қасымбаева, өз сөзінде былай деп атап көрсетті:

- Мемлекеттік биліктің дербес саласы – сот билігінің қоғамдағы орны мен ролі айрықша екені көпшілікке мәлім.Қоғамдық тепе-теңдікті сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету жолында орын алған дауларды заңнамада айқындалған жолдармен әділетті түрде шешу, сот төрелігінің тиімділігін арттыру – сот жүйесі мамандарының абыройлы да жауапты міндеті. Жолдауда азаматтар мен мемлекеттің мүдделері тең дәрежеде қорғалуы тиіс деген мәселеге назар аударылуы бірінші кезекте сот билігіне деген халық сенімінің артуына жол ашатын болады. Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық сотында 2019 жылғы 9 айда барлығы 5 406 азаматтық іс қаралса, оның 5 пайызы ғана мемлекеттік тілде қаралып шешім қабылданған. Бұл әрине тым аз. Мұның себебі мынада. Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің 14- бабының 1- бөлігінде, азаматтық істер бойынша сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі,деп көрсетілсе, 2- бөлігінде талап қою арызы қай тілде берілсе сот ісі болып сол тіл анықталады деп атап көрсетілген. Демек, сотта істі мемлекеттік тілде жүргізу басқа мемлекеттік органдардан келіп түскен арыздарға тікелей байланысты. Сондықтан мемлекеттік органдар сотқа дейінгі іс жүргізу органдарының тілдік қағидатты іске асыруды реттейтін құқықтық нормаларды, процестік құжаттарды дайындау кезінде қатаң сақтауға тиіс. Қазақ тілінде дайындалатын құжаттардың мазмұнына және ережелеріне назар аудару қажет. Сонымен қатар еліміздің қоғамдық өмірінің барлық саласында қазақ тілін енгізудің қажеттілігін атап өткім келеді. Егер барлық салада мемлекеттік тіл кеңінен қолданыста болса, ол тілді кеңінен қолдануға әрі жетілдіруге ықпал етеді. Сонда ғана мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейте отырып, материалдарды қазақ тілінде сапалы дайындау, электрондық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізу кеңінен қолданысқа енеді, - деп өз ойын ортаға салды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар ардагер қаламгер Әли Ысқабай ақсақалдың тіл жайындағы тұщымды әңгімелерін және оның шығармашылығы жайлы мағлұматтарын зейін қоя тыңдап, ақын-жазушының өзімен бірге ала келген кітаптарымен танысты.

Ашық та іскер жағдайда өткен бұл отырыс барысына қатысушылар тарапынан сотта қазақ тілінде жүргізілетін істер санын арттыру үшін мемлекеттік мекемелер сотқа дейіндгі құжаттарды сапалы дайындау, Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңының 8-бабын қатаң сақтау, бұқара халықпен қарым-қатынасты қазақ тілінде жүргізу, мемелекттік қызметкерлер мекемеде тек мемлекеттік тілде сөйлеуді дәстүрге айналдыру қажеттігі сияқты ұсыныстар айтылды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні біздің рухани негізіміз болып табылатын қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу әркімнің асыл парызы екендігіне келіп саяды. Ал, осы отырысқа қатысушылардың толғақты ойлары қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін тиісті заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалынып отырғандықтан, осы мүмкіндіктерді пайдаланып мемлекеттік тілдің қолдану өрісін кеңейту өз қолымызда деген арнаға келіп тоғысты.

Ш. ХАМИТОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 28 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 17.15, 04.45 «Көңіл толқыны»
06.25 «Мәселе» бағдарламасы
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 «Қайран күндер»
12.00, 00.45 «Ниет» әлеуметтік ток-шоу
14.00, 17.00, 20.00, 00.15, 04.00 AQPARAT
14.10,22.30 Т/х «Егіз ғұмыр»
15.00, 21.30 Т /х «Жат мекен»
16.00 «Апта»
16.45, 04.30 «Баланың көңілі» деректі драма
20.35,02.20 «Ашық алаң»
23.25 « Azil time»
03.10 Т/х «Қалампыр»

ХАБАР

06.00 «Қызық times»
07.00 М/с ТОБОТ
07.30, 08.10. 09.10 ТАҢҒЫ ХАБАР
08.00, Жаңалықтар
09.00 Новости
10.00, 22.15 Т/х «Көкжал»
10.50 , Т/х «Пәленшеевтер»
12.00 Жаңалықтар, Новости
12.30 , 18.30 Т/х «Өмір жолы»
13.00 сериал «Свадьбы и Разводы»
14.40 Сериал «Разия»
15.00, Ток-шоу «Білім»
15.30, 20.10 «Менің тағдырым»
16.00,00.15 Тұсаукесер! «Төрлетіңіз»
17.00, 23.00 Т/х «Листопад»
18.30 Т/х «Сүрбойдақ»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.10 Т/х «Келінжан»
20.45 Тұсаукесер «Прайм тайм»
21.00 Итоги дня
21.40 Т/х «Мәдениет үйі»
01.15 Муз/Шоу «Topjargan»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 18.10 Т/Х«Үмітінді үзбе»
08.00 Мультфильм
9.50, 21.10 Т/х «Абысындар»
10.50, Т/с «Королева красоты»
13.00 «Elorda live» тікелей эфир
13.20 М/ф Ну, погоди
13.40, 00.10 Т/х «Кешіккен хат»
16.20 құжатты фильм
19.20 Т/х «Жүрек сыры-2»
20.00, 02.00 Жаңалықтар
20.30, 02.30 Новости «20.30»
22.00 Т/х «Жаза»
03.30 Т/х «Бір болайық»
04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.15 Т/х «Махаббатым жүрегімде»
06.50 04.00 «Той заказ»
07.20 «Басты бағдарлама»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «Қалаулым live»
15.45 «На самом деле»
16.50 Сериал «Майор СОКОЛОВ»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, Т/с «НЕВСКИЙ. ПРОВЕРКА НА ПРОЧНОСТЬ»
22.00, 02.15 «Паутина»
22.50 сериал «Невский. Чужой среди чужих»
01.00 «Безопасность»

КТК

07.05, 03.30, 04.10 «КТК» қоржынынан
07.30 «Дау-дамайсыз»
07.50, 02.10 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.45, «Жат туыстар»
09.50 «Смеяться разрешается»
12.20 «Любовь по ошибке»
14.40 Х/ф «Исчезнувшая»
15.45, 01.10 Т/х «Улы тамшылар»
17.00 «Жат туыстар»
18.00 «Қара теңіз»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Морские дьяволы. Смерч-3»
23.40 Х/ф «Узнай меня, если сможешь»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.25 «Жыр-тамшы»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта (рус)
10.50 «Тыңдашы, айналайын»
11.00 «Спорт-тайм»
11.20 «Құтқару қызметі»
11.40 «Сильные духом»
12.00 «Әсем әуен»
12.40 «Полицейская служба»
13.00 «Әсем әуен»
13.45 «Латыннегізді әліпби»
14.00 «Тілсақшы»
14.25 «Әлемнің үздік картиналары»
14.30 «Тұжырым»
15.00 К/ф «КЕК»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда» 16-серия
17.00 Жаңалықтар
17.15 «Жетісудың ақын-жыраулары»
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
18.45 «Әлемнің үздік картиналары»
19.00 «Әдебиет пен адамзат»
19.30 «Ел қамы» /тікелей эфир/
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Туржорық»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 33-бөлім
22.45 «Нет-лайк»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 Бауыржан-шоу
09.30 Х/ф «Тарзан»
11.30 Т/с «Миллиард»
14.00 Т/с «Фазилет ханым»
16.00 Т/с «Интерны»
18.00 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
21.00 сериал «Иффет»
00.00 Т/с «Мехектің өмірі»
01.00 Т/с «Адасқан ғұмыр»
01.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10,04.00 «Элиф»
08.45 М/ф
09.25 «О самом главном»
10.40 Т/х«Коломбиана»
13.00 Х/ф «5 причин не влюбиться в казаха»
15.00, 22.05 Т/х «Ата-ана, бала-шаға»
16.00, 03.10 Т/х «Жаңа келін»
18.15 Т/с «Город особого назначения»
19.20 Т/с «Крепостная»
20.20 «Гранд»
21.00 Лотерея 777
23.05 «Q-елі»
23.35 «Япырай»
00.10 «Разведчицы»
01.25 «Человек-невидимка»
02.40 «КЗландия»
04.45 «Айнаонлайн»

Сейсенбі - Вторник, 29 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 17.15 «Көңіл толқыны»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 Т/х «Қайран күндер»
12.00, 00.50 «Ниет»
14.10, 22.30 Т/х «Егіз ғұмыр»
15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00, 04.05 «Жан жылуу»
16.30, 04.30 «Мәдениет жауһарлары»
20.35, 02.25 «Ашық алаң»
23.25 «Әзіл time»
03.15 Т/х «Қалампыр»

ХАБАР

06.00 «Қызық times»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00 Новости
10.00, 22.15 Т/х «Көкжал»
10.50, 18.30 Т/х «Сүрбойдақ»
12.30 Деректі фильм
13.00 Т/с «Свадьбы и разводы»
14.40 Т/с «Разия»
15.00 «Қоғамдық талқылау»
16.00, 00.15 «Төрлетіңіз»
17.00, 23.00 Т/с «Листопад»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.10 Т/х «Келінжан»
20.50 Новый курс
21.00 Итоги дня
21.40 Т/х «Мәдениет үйі»
01.15 «Топжарған»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 18.10 «Үмітінді үзбе»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 21.00 Т/х «Абысындар»
11.00 Т/с «Королева красоты»
13.20 М/ф «Ну, погоди!»
13.40, 00.10 Т/х «Кешіккен хат»
16.20 Документальный фильм
19.20 Т/х «Жүрек сыры-2»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости 20:30
22.00 Т/х «Жаза»
03.30 Т/х «Бір болайық»
04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.15 Т/х «Махаббатым жүрегімде»
06.40,04.00 «Той заказ»
07.10,18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «QALAYYM LIVE»
15.45 «На самом деле»
16.50 Т/с «Майор Соколов. Игра без правил»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 Т/с «Невский. Чужой среди чужих»
22.00, 02.15 «П@УТІNA»
01.00 «Безопасность»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.50,02.00 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.45, 17.00 Т/х «Жат туыстар»
09.50 Новости (повтор)
10.30, 21.40 «Морские дьяволы.Смерч-3»
12.30, 23.40 «Узнай меня если сможешь»
14.40 Х/ф «Изчезнувшая»
15.45, 01.10 Т/х «Улы тамшылар»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерные новости
03.30-04.10 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.25 «Ән-тарих»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Туржорық
10.20 «Әлемнің үздік картиналары»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 33-бөлім
11.45 «Бала-базар»
12.00 «Ел қамы»
12.45 «Жетісудың ақын-жыраулары»
13.00 «Шашу»
13.50 «Жыр-тамшы»
14.00 «Ел мен жер»
14.25 «Әлемнің үздік картиналары»
14.30 «Желі-KZ»
15.00 «Әсем әуен»
15.30 Д/ф «Өркениет ғажайыптары»
16.00 «Бай-қуатты болайық»
16.40 «Үшінші көз»
17.00 Жаңалықтар
17.15 «Жетісудың батырлары»
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
18.45 «Әлемнің үздік картиналары»
19.00 «Диалог» /прямой эфир/
19.30 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 34-бөлім
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 «Ризамын»
07.00 Информбюро
08.00 Бауыржан-шоу
08.50 Х/ф «Урфин Джус и его деревянные солдаты»
11.00, 21.00 Т/с «Иффет»
14.00 Т/с «Фазилет ханым»
16.00 Т/с «Интерны»
18.00 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
00.00 Т/с «Мехектің өмірі»
01.00 Т/с «Адасқан ғұмыр»
01.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
08.45 М/ф «Черепашки-ниндзя»
09.25 «О самом главном»
10.40 Документальный фильм
11.15 «Новый день»
11.50, 01.25 «Человек-невидимка»
12.50, 19.20 Т/с «Крепостная»
13.50, 18.15 Т/с «Город особого назначения»
15.00, 22.05 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
16.00, 03.10 Т/х «Жаңа келін»
20.20 Т/с «Гранд»
21.00 Лотерея 777
23.05 Скетчком «Q-елі»
23.35 «Япырай»
00.10 Т/с «Разведчицы»
02.40 «KZландия»
04.45 «Айнаонлайн»

Сәрсенбі - Среда, 30 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 17.15, 04.25 «Көңіл толқыны»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 18.00 Т/х «Қайран күндер»
12.00, 00.50 «Ниет» ток-шоуы
14.10, 22.30 Т/х«Егіз ғұмыр»
15.00, 21.30 Т/х «Жат мекен»
16.00 «Келбет»
16.35, 04.00 «Ақсауыт»
20.35, 02.25 «Ашық алаң»
23.25 «Azil time»
03.30 «Қалампыр»
04.15 «Aqsayyt»

ХАБАР

06.00 «Қызық times»
07.00 М/ф «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00 Жаңалықтар
09.00 Новости
10.00, 22.15 Т/х «Көкжал»
10.50, 18.30 Т/х «Сүрбойдақ»
12.00 Жаңалықтар «Новости»
12.30, 01.25 Тұсаукесер «Патриот»
13.00, сериал «Семейный альбом»
14.40 «Разия»
15.00 «Қарақатпен шай»
16.00, 00.15 Тұсаукесер «Төрлетіңіз»
17.00, 23.00 «ЛИСТОПАД»
18.30 Т/х «Сүрбойдақ»
19.30 Қортынды жаңалықтар
20.10 Сериал «Келінжан»
20.45 Тұсаукесер! Prime time
21.00 Итоги дня
21.40 Т/х «Мәдениет үйі»

АСТАНА

06.00,05.30 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
06.30 «Күлдірген» әзілсықақ
07.00, 18.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 21.00 Т/х «Абысындар»
11.00 Сериал «Королева красоты»
13.20 М/ф «Ну погади»
13.40, 00.10 Т/х «Кешіккен хат»
16.20 «Документальный фильм»
19.20 «ЖҮРЕК СЫРЫ-2» Т/х
20.00, 02.00 Жаңалықтар.
20.30,02.30 Новости 20.30
22.00 «ЖАЗА» Түрік Т/х
03.30 Т/с «Бір болайық»
04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.15 Т/х «Махаббатым жүрегімде»
06.40,04.00 «Той заказ»
07.10, 18.00 Басты жаңалықтар
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «Қалаулым Live»
15.45 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
16.50 Мериал «Майор Соколов. Игра без правил»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 Т/с «Невский»
22.00, 02.15 «Паутина»
01.00 Кино

КТК

07.05, 03.30-04.10 «КТК қоржынынан»
07.35 Кешкі жаңалықтар «қайталау»
08.00,02.00 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.50,17.00 Т/х «Жат туыстар»
09.50 Новости
10.30,21.40 Х/ф «Морские дьяволы»
12.45,23.40 Х/ф «Узнай меня, если сможешь»
14.46 Мелодрама «Письма на стекле»
15.45, 01.10 Т/х«Улы тамшылар»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.25 «Жыр-тамшы»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Экорейд»
10.20 «Әлемнің үздік картиналары»
10.30 «Диалог»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 34-бөлім
11.45 «Әсем әуен»
12.00 Д/ф «Батысқа қарай аққан өзен»
12.45 «Жетісудың батырлары»
13.00 «Шашу»
13.50 «Ән-тарих»
14.00 «Бағбан»
14.25 «Әлемнің үздік картиналары»
14.30 «Жетісу зертханасы»
15.00 «Әсем әуен»
15.40 «Сильные духом»
16.00 «Жүрек сөзі»
16.30 «Ауылдағы ағайын»
17.00 Жаңалықтар
17.15 «Тарихнама»
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
18.45 «Әлемнің үздік картиналары»
19.00 «Ұлт пен рух»
19.30 «Денсаулық»
20.00 «Қателік»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 35-бөлім
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 «Ризамын» (каз)
07.00 Информбюро
08.00 «Бауыржан шоу»
09.20 Х/ф
11.00, 21.00 сериал «ИФФЕТ»
14.00 «Фазилет ханым»
16.00 Т/с «Интерны»
18.00 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
00.00 сериал «Мехектің өмірі»
01.00 сериал «Адасқан ғұмыр»
01.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
08.45 М/ф
09.25 «О самом главном»
10.40 «Вокруг света за монотой»
11.50, 01.25«Человек-невидимка»
12.50, 19.20 Т/с «Крепостная»
13.50, 18.15 Т/с «Город особого азначения»»
15.00, Т/х «Атан-ана. Бала-шаға»
16.00, 03.10 Т/х «Жаңа келін»
20.20, Т/с «Гранд»
21.00 Лотерея LOTO 6/49/777 KENO
23.05 «Q- ЕЛІ»
23.35 «Япырай»
00.10 сериал «Разведчицы»
02.40 «KZландия»
04.45 «Айнаонлайн»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕКЕЛІК КЕШ

Өнер - өлмейтін мұра

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы да мәдениет. Демек, салынып жатқан сәуетті ғимарттар, ескертікштер, саябақтар, мәдениеттің жарқын айғағы. Ол аз десеңіз, әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың, топтардың, таптардың, жіктердің, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына сәйкес қалыптасуы да мәдениет. Мәдеиеттің алуан түрі бар. Тамақ ішуің де мәдениет, киім-киюің де мәдениет, жүріс-тұрысың да мәдениет. Әр ұлттың өзіне тән салт-дәстүрі, ырым-жоралғылары бар, бұл мәдениеттің ерекшелігі. Ауыз әдебиеті, фольклор, жазу, сызу, қылаяғы сахнаға кіріп шығудың қолға микрофон ұстай білуің де мәдениет.

Мәдениет - әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Ал бұл жөнінде кеңінен толғауға болады. Тәуелсіздік алғанға дейін кеңестік идиологияның құрсауында болған қазақ мемлекетінде ұлттық мәдениетінің көбі көлеңкеде қалды. Ұлтымызға тән ерекшеліктеріміз аяққа тапталды. Тіл, діл, дініміз тұншықтырылды. Ал егемендік алғаннан кейін, бізді жабайы мәдениет жаулады. Ашық-шашық жүру, киелі саханаға жалаңаштанып шығу, дәстүрлі жырларымыздан гөрі батыстың бас айналдырар мәдениетіне еліктедік. Мысалы, радио, теледидар, компьютер, түрлі ғимараттар, мұражайлар сияқты түрлі материалдық игіліктер арқылы тараған рухани мәдениетіміз жұтаңдады. Көгілдір экран арқылы көрсетіліп жатқан анайы фильмдер, ток шоулар, түрлі сайқы мазақтар қазаққа ғана тән мәдениеті мәнсұқ етті. Ел мәдениеті неге байланысты? Олар би билеу, жыр жырлау, ұлттық нақыштың қалыбын бұзбай, сән-салтанатты жарасқан театрлар, оркестрлер филармониялар және көркем өнер ұйымдары, кітапхана, клуб, мұражайлар міне бұлар мәдени ошақтар елдің мәдениетін айшықтайды. 2000-шы жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мәдениет жылы деп жариялағалы бері Республика аймағында мәдениет өркені көшін түзеп келеді. Соның бір саласы Алматы облысының Көксу ауданын айшықтап айтуға болады.

Әуелі, «мәдениет» деген ұғымының түп төркіне үңіліп көрелік. Бұл латын тілінде Cultura - өңдеу, егу деген мағынаны білдіреді. Яғни, табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер «мәдениет».

-Жасырып жабудың да, жалпақтап жағыну да ойымызда жоқ. Осы мәдениет саласына Ермек Қыстаубаев барғалы Көксудың мәдениеті жанданды. Көркемөнерпаздар, үйірмелер, сатиралық жанрлар, дәстүрлі ән-жырлар, эстрадалық бағыт пен мәдениет ошақтарының жұмысы ілгерледі - дейді. Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы бастығының орынбасары Әлия Жақыпбекова. Әрине оған біздің де алып қосарымыз жоқ. Аудан әкімі Алмас Әділдің қолдап-қолпаштауы, Көксу ауданы іргелес отырған аудандардан мәдениет саласы бойынша көш ілгері келеді.

«Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек» демекші, өнерпаздардың сахналық киімдері де көрген жанның көз жауын алады. «Күреңбел күлкісі» -атты әзіл-оспақ театрын құрып-көрем образдар арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының күнгейі мен көлеңкесін өнер арқылы көрермен көңілінен шыға білген Ермектің мә-дениет жетекішілігі жөніндегі сүбелі үлесі бұл. Әрине бұл жетістікке өзінің ұжым болып ұйымдасып, қол астындағы өнерпаздарға арқа сүйейтіні белгілі. Жылма-жыл қайырымдылық концертін өткізіп, қалталы бай болмаса да, жомарттығымен танылып жүр. Аудандағы он мәдениет үйінің жеткен жетістіктері бір төбе. Ауданның құрметті азаматы, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» Сүлейменов Нұри Құлсейітұлы қайтадан құрған, Мұқыры халық театры және жақында халықтық атағын қорғаймыз деп үміттеніп отырған «Ақ кимешек» әжелер ансамблі, Мәмбет ауылындағы балалардан құралған халықтық атағы бар, ұлт-аспаптар оркестрі, «Көксу толқыны» этнографиялық ұлт аспаптар оркестрін бөле жарып айтуға болады. Ат төбеліндей кішігірім ауданда үш бірдей халықтық атағы бар ұжым тек Көксу ауданында ғана. Жақында «Ақ кимешек» әжелер ансамблі халықтық атағын сәтті қорғап шықса, онда төрт бірдей халықтық атағы бар өнер ұжымы болмақ. Бұдан бөлек «Бесқайнар ауылындағы «ВИА» эстрадалық ұжымы, «Айнабұлақ» мәдениет үйіндегі «Керғұлан» тобы, жетекшісі Дәкен Керімхан тағы басқа да ауыл өнерпаздары аудандағы мәдени шаралардың бәрінде өнерлерін көрсетіп, көптің алғысына бөленуде.

Қазан айының 21-күні жыл қорытындысы бойынша аудан көлемінде Көксу аудандық мәдениет үйінде «Көксу өнері» атты мерекелік кеш өтті. Арнайы шақырған соң бардық, арнауымызды айттық. Алматы қаласынан мерекелік кешке арнайы келген «Күлкістан» театрының тарландары Дархан Пірназаров пен Дінмұхамед Әбжапаров, Көксу жұртшылығына әзілден көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Қорқыт бабадан қалған, киелі қобыз күңіреніп, қос ішекті домбырадан төгілген күмбірлі күй шалқып, асақтаған ән әуеледі. Мерекелі кеште "Ақ кимешек әжелер" тойбастарларын айтса, мың бұралған бишілердің буыны майысып, байшағы бүлкілдеді. «Көксу толқыны» «Бозынген күйін», ақ әжелер орындаған «Айналдым елім», «Луна» әнін шырқаған Мақпал Арыстанбаева және «Дара» ВИА «Өкінбе сен», «Халық әндерінен попурри» тарту еткен Фатих Ақын, Заманбек Болатбек,Өркен Құдайбергенова, Гүлназ Төлегенова, «Махаббатым» әнін тамылжытқан Мадина Омарқұл, «Ұйғыр» биін билеген «Көркем-ай» би тобы, «Жетісу» әнін шыраған «Керғұлан» тобының өнерлеріне көрермен дән риза болып тарасты. Айтулы кеште Көксу ауданының әкімдігі ұдайы қолдау көрсетуде - дейді бар ғұмырын өнерге арнаған мәдениет саласының үздігі Нұри Сүлейменов. Ардагер ағамызды әңгімеге тартып, өнерпаздар жайында пікірін сұрадық.

-Қазіргі заманның өнерпаз жастары өте бақытты. Музыкалық ас-паптың түр-түрі бар. Компьютер арқылы өңдейді. Тіпті тірі дауыста ән салмай, ауыздарын жыбырлатып тұрады. Бұл өнерге жасалған қиянат. Біздің кезімізде қандай ауыр болды. Біз жоқтан бар жасадық, халықтық театр құрдық. Қажет кезде сахналық киімдерді де қолдан тігіп киген кезіміз болды. Өзекті өртейтін бір өкініш ауыл сахналарынан бастап республикалық саханаларда қазақи дәстүрлі әндердің ырғағын бұзып, эстрадалық шуға айналдырып жіберді. Осы олқылықтарды түзеп қазақ әуендері, байырғы қара өлеңдер қайта жаңғырса, шынайы қалыбын жоғалтпаса деген тілегім бар. Өзің көргендей, бүгін Көксу мәдениетінің мәйегін көрдің. Тоғыз жолдың торабындағы ауданның атағынан ат үркеді. «Мұқыры халық театрын құрып берген екі мәрте Еңбек ері Нұрмолда Алдабергенов салып берген сара жолды жалғастырып келеміз. Қазақ деген ұлт барда өнер өлмейді, жаңарады-жаңғырады, ел аман жұрт тыныш болсын –дейді ардагер аға.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАБА ТОЙЫ

БАЙТАҚ ЕЛДІҢ

Батырлары бахадүр,
Ақындары ақ иық.
Даналары кемеңгер,
Асылдарға толғатқан,
Ғасырларға үн қатқан – деп толғайды бүгінгі шайырлар. Иә, «Аттың жалы, түйенің қомында» ғұмырлары өткен кешегі даланың билері мен арыстан жүректі батырларды қалай дәріптесек те жарасады. Өткенін елемеген, тарихтан-тағылым ала алмаған ұрпақтың да ертеңі бұлыңғыр.

Жиырмасыншы ғасырдың ғаламатын, ғаузатын, зұлматын көрген Ілияс Жансүгіров «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» - тектен-тек айтпаған болар. Ел үшін шыбын жанын шүберекке түйген бабаларымыз Қабылиса, Ескелді, Балпық билер ердің ері еді. Елінің ертеңіне елеңдеген, бірлігімен берекесін көксеген, дауға түсіп дараланған, жауға тиіп жараланған, бабалармыздың бірі де бірегейі Балпық бидің 325 жылдық мерейлі мерекесі Жетісу жерінде кеңінен аталып өтті.

Әлқисса, қазақта би шешендер аз болмаған. Ұлан байтақ даланың төрт бұрышында «ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген өзі би, өзі батыр, небір бабалар өткен. Қазақ билері ерекше тұлға болған. Керек десеңіз қазақтан басқа халықтарда мұндай тұлғалар болмаған. Бұл тек қазақтың бағына ғана бұйырған. Сөз саптаса сөлімен, нәрімен айтып, дуалы ауыз атанған. Қара тілділері теріс бата берсе атқан оқтан жылдам мұрттай ұшырған. Оң батасы дарыса басына бақ қонып, ырысы тасыған. Тіпті, қарсыласқан жауларының өзі қазақтың бишешендерінің шеңберде шешіліп сөйлеген сөдерінен ыққан. Арғы тарихқа зер салсақ, Шыңғысханның тұсындағы Майқы би, Әз-Жәнібек хан тұсындағы Жиренше мен Асан Қайғы, Тәуке хан төңірегіндегі Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Едіге, Тайкелтір, Байдалы, Шақшақ Жәнібек, Қоқым, Сасық билерді айтуға болады. Міне, сондай билердің бірі Жетісудағы Жалайыр елінің әрі көсемі, әрі шешені, әрі би, қол бастаған батыр атанған Балпық биді ауызға алғанда Қабылиса, Ескелді билерді қатар айтамыз. Жетісу жұрты бұл үш әулиені үш бәйтерек деп атайды. Талдықорған қаласындағы орталық көшеде үш әулиеге арнайы орнатылған еңселі ескеткіш те бар.

Айтулы мереке «Бабалар сөзі - даналық көзі» атты айдармен Көксу ауданындағы мәдениет үйінде Балпық әулиенің ғибарат сөздерімен ұштастырылған «Бата сөз - ата сөзі» сайысымен басталды. Оған Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстарымен Алматы, Шымкент қалаларынан батагөй қариялар келді.

Келуі келді-ау, бірақ, аузы дуалы, сөзі-сөлді батагөйлерді көре алмадық.

Дүниенің қызуы күннен,
Киімнің жылуы жүннен.
Қараңғыны қаралап қайтеміз,
Жұлдыздың жарқырауы түннен - деп Балпық бидің өзі айтқандай, ақсақалдар

арасында өткен батагөйлер жарысы көңіл көншітпеді. Бұл туралы алдағы мақалалардың бірінде кеңінен тоқталамыз. Әуелі Көксу ауданының орталығындағы Балпық би демалыс алаңының ашылуына жиналған жұртқа, қонақтарға арнау айтылды. Көксу ауданының әкімі Алмас Әділ сөз алып, баба есімін ұлықтауға жиналған алқалы топты мерейлі күнмен құттықтап, жыл басынан бері Балпық бидің 325 жылдығына арналған шаралардың тоқтаусыз жалғасып келетінін тілге тиек етті.

– *Тарихымызды айқындап, асыл мұрамызды түгендедік. Балпық бидей бабаларымыздың арқасында талай қырғыннан аман қалдық. 1993 жылы Көксу ауданының орталығына Балпық бидің есімі берілді. Содан бері ауданымыз көркейіп, түрленіп келеді*, – деді. Одан кейін Алматы облысының Құрметті азаматы, «Тақиялы періште» Әлімғазы Райымбеков бастаған ел ағалары Балпық би демалыс алаңының лентасын қиып, баба ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Ары қарай жиын Мәдениет үйінде «Бабалар сөзі – даналық көзі» атты батагөй қариялар арасындағы бата беру сайысымен жалғасты. Байқауға келген 13 батагөй бағдарлама бойынша Балпық бидің не болмаса өздері келген өңірдің тарихта есімі жаңғырған бишешендерінің айтқан нақылдарын, қанатты сөздерін айтып, қойылған сұрауларға жауап беруі тиіс болды. Мақала басында айтылғандай, сайыста көбінің сөздері шашыраңқы болып, тіпті Балпық бидің атын шатастырып алғандар да бар. Жасыратыны жоқ, оңтүстік Қызылорда, Түркістан, Жамбыл өңірлерінен келген ақсақалдар сөздің майын тамызар деп күткенбіз. Барлық батагөй Төле би бабамыздың: *Ақты ақ деп бағалар,*
О, игі жақсы ағалар.
Өзегі талса ел біткен,
Өзен бойын жағалар,-деген нақылын қайталаумен болды. Ел-жұрт қадірлеп, қастерлеген, халықтың мұңын мұңдап, жоғын түгендеген, қара қылды қақ жарып, әділдік айтқан билердің, шешендердің шұрайлы сөздерін бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу, кешегі компартияның шекпенінен шыққан сары тісті, ақ самайлы шалшауқандар тым құрыса жаттап та алмапты. Қандай жарысқа бара жатқандарын білмеген сияқты. Әйтпесе «Ел іші - өнер кеніші» емес пе еді. Тіпті Қызылордадан келген қарияның бірі бізге байқаудың шарты қолымызға жол жүрерде ғана тиді - деді. Қазылар алқасының төрағасы Нұртілеу Иманғали байқау шарты үш ай бұрын барлық өңірге жіберілгенін, демек жергілікті жердегі Ардагерлер ұйымы бұл шақыруға атүсті қарағандарын ашына айтты. Республикалық байқау болғанан кейін батагөйлер жарысы әуелі жергілікті жерде өтіп, одан облыс көлемінде қамтылып, содан оза шапқан жүйріктері республикалық жарысқа келуі керек еді. Бірінен кейін бірі сахнаға көтеріліп, тұшымды нақыл, мардымды мақал айта алмаған қарияларға қарындары ашқан көрермен залда өзара күбірлесіп уақыт өткізді. Қораға қамап қойған қойдай жусаған халық тыпыршып байқаудың бітуін тағатсыздана күтті. Қазылар құрамы, ардагерлердің аузына сөз салып беріп, «танауын тесіп сүйреген өгіздей» қамшылап жүріп біткен байқаудың нәтижесі мынандай болды. Жамбыл облысынан келген Аманжол Дүрәліұлы бас жүлдеге лайық деп табылып 600 000 теңгенің сертификаты берілсе, бірінші жүлде 400 000 теңгенің сертификаты Алматы облысынан Данияр Оралбековке, екінші жүлде 300 000теңгенің сертификаты Жақыпбек Самалтырға,үшінші орын 200 000 теңгенің сертификаты түркістандық Жолдасбек Тұрманбетовке табысталды. Ал сайыстың арнайы жүлдесі 100 000 теңгені алматылық Төлеш Станбеков, Мұхтар Шакиров, шымкенттік Қолдасбек Төлеген мен Есенбек Битаев, алматылық Жаңабай Кулишев, жамбылдық Орынбай Рысбаев, Сыр өңірінің намысын арқалап келген Келдібай Бектұрғанов пен Нұрлан Махмутов, түркістандық Сатан Маханов алды. Байқауға қатысқан барлық қария қомақты қаржылай сыйлық пен арнайы дипломмен марапатталды. Дәл осы күні, яғни, 17 қазанда Текелі қаласынның мәдениет үйінде «Байтақ елдің Балпық биі» деген тақырыппен Республикалық жазба ақындар мүшайрасы жалғасты. Алматы облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы, Қазақстан Жазушылар одағының Алматы облыстық бөлімшесі мен «Үш-Бәйтерек» қоғамдық қоры ұйытқы болған жыр сайысына еліміздің түпкір-түпкірінен қырық үш шығарма түскен екен. Солардың ішінен ақтық сынға өткендері келді. Шараның шымылдығы *қала әкімі Бақтияр Өнербаевтың алғы сөзімен ашылды.*

– *Біз тәуелсіздік алғанға дейін Кеңес өкіметі көрсеткен оқулықтан білім алдық. Тарихымыздың тіні босады. Алыптарымызды танудан қалдық. Енді, міне, бүгін қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман туды. Тарихымыздың тіні арыда жатқанын аңғардық. Жауынгер ел екенімізді аңдадық. Балаларымызға Қабан жырау, Ескелді би, Балпық би сынды әулие-даналарымыздың жүріп-өткен жолын, өрелі өмірін үлгі еттік. Бұдан артық нендей шаттық болсын?! Білектің күшімен, найзаның ұшымен келген еркіндік бәрімізге қымбат. Сол еркіндік жолында құрбан болған даналарымызды қадірлемесек елге сын. Сондықтан, батыр да шешен бабамызды жырына арқау еткен ақындарға алғысымды айтқым келеді*, – деп сөзін түйіндеді.

Жыр додасына қатысқан шайырлар арасында, тайы да, құнаны да, дөнені де, бестісі де жүр. «Жүйріктен-жүйрік озар жарысқанда» -дегендей, өлең деген өлкеге құлаш сермеген айыр көмей ақындар бұл күні Балпық бидің рухын аспандатып, бабамызды бір аунатты. Алуан-алуан жүйріктің ішінен бабы мен бағы қатар шапқан жетісулық танымал ақын, облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нүсіпбай Әбдірахымға 500 000 теңгенің сертификаты табысталса, бірінші орын 350 000 теңгені Ақмола облысы, Көкшетау қаласынан бабасына поэма арнап келген ару қыз Майра Тоқанова иеленді, ал

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАБА ТОЙЫ

БАЛПЫҚ БИ

екінші жүлде 250 000 теңге өскемендік Әскерхан Ақтайға бұйырды, үшінші орынға түркістандық Кәдірбай Ғалымнұр лайық деп табылып, 125 000 теңгенің сертификатын алды. Арнайы жүлде 50 000 теңгені Сарқан ауданының тумасы, талантты ақын Жомарт Игіман, әдебиет ардагері Әли Ысқабай және Шымкент қаласының тумасы Нұрбол Құдайберген қанжығалады.

Балпық әулие басындағы толғаныс

Қиын шақта еліннің қорғаны да боп едің,
Аптабында саялар орманы да боп едің.
Бүгін жұртың ардақтап жатыр, баба, атыңды,
Есіміңді өлеңге қосып жатыр өренің.

Ұрпақ үшін лаулаған қызыл отқа көп кірдің,
Ерегескен жоңғарды өз қанына бөктірдің!
Сол ұрпақтың біреуі, амандық боп тілеуі,
Батыр баба, басыңа тәу етуге кеп тұрмын.

Қол бастаған,
Тар жерде сөз бастаған киелім,
Найзаңды да сөзіңді жауға бұрын тіредің.
Құдайсызды қабірден қиыс бұрып әкеткен
Қасиетіңе басымды қай кезде де иемін!

Қабіріңді өктем күш ашып кете жаздады,
Темір тажал кеудеңді басып кете жаздады.
Бақ секілді кие де үркек құс қой, жан баба,
Қалың елден қасиет қашып кете жаздады.

Шүкір, шатты күн келді, сұрғылт тұман ашылды,
Қуаныштар көбейді – шаштық тойға шашуды.
Кезеңімен дүркіреп аталуда тойларың,
Жалпақ жұртың айшықтап көтеріпті басыңды.

Сырда да қап, Шуда да тұлпарыңның іздері,
Өтен бабам секілді жерұйықты іздедің.*
Сан шайқаста жан алып, жан берісіп жүріп те
Болашақтан бір сәт те күдеріңді үзбедің.

Қол созым қап кей-кейде,
Кейде қуып сағымды,
Жалайырға жұмақтай мекен іздеп сабылдың.
Атамекен құшағын жайды жалпақ жұртыңа,
Жетісудан Жиделібайсын жері табылды.

Жетістік көп айтатын, баба, мерейтойыңда,
Құлаш жайды ұрпағың Есіл менен Ойылға.
Өсіп-өнді өркенің Текелінің өрінде,
Көксу менен киелі Қараталдың бойында.

Бұтағынан есепсіз миуасы төгілген,
Бауыр басты сан ата жұмақтайын жерімде.
Үш Қамауда тереңге тамыр тартты ұрпағың,
Өркендеді киелі Күреңбелдің төрінде.

Аға сыйлау, ынтымақ, бірлік болып ұраның,
Қиын-қыстау заманда жақтың елдік шырағын.
«Тәубе» дейміз – бәйгеден озып келді тұлпарың,
«Шүкір» дейміз – қияға қанат қақты қыраның.

Дұшпанынан селт етіп көрмеген бір жүрегі,
Қара Балпық атанған қас батырдың бірі едің.
Ел таныған әулием, тебіреніп Өзіңе
Тәу етуге кеп тұрып, Жаратқаннан тіледім:

Алашыма бақыт бер,
Таусылмайтын қазына –
Інжу, маржан, ақық бер.
Ақыныңа сол сәтті
Жырлайтұғын уақыт бер.

Тыныштық – бар байлығым,
Сыйлай көргін жайлы күн.
Бір өзіннен тіледім
Деніміздің саулығын.

Қазағыма бірлік бер,
Жұдырықтай жұмылып
Істейтұғын тірлік бер.
Жаңбыр жауса – қорғаным,
Күн шыққанда айқара
Ашылатын түндік бер.

Алашыма бақ бергін,
Қой үстіне бозторғай
Жұмыртқалар шақ бергін.
Өркеніме аспаннан
Ай-жұлдызды ап бергін.

Озып келсін тұлпары,
Сапта болсын сұңқары.
Аман болсын қашанда
Алашымның ұрпағы,
Қазағымның ұрпағы,
Әумин!!!

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
мүшәйраның бас жүлдегері

Жыр мүшайрасынан кейін Талдықорған қаласындағы Бикен Римова атындағы дарама театрында «Балпық баба хақында» театрландырылған сахналық қойылым көрсетілді. 18 қазақ күні Балпық би кесенесіне зиярат етілді, «Үш ата» «Қадырғали Жалари» ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылып, келген қонақтар, қала тұрғындары «Балпық Би баба - ел бағына туған ер» ғылыми-практикалық конференцияға ұласты.

Коференцияға келген ғалымдар, әдибет зертеушілері Балпық бидің, жалпы дала билерінің ғұмырнамаларына кеңінен тоқталды. Елбасына күн туып, ер елеулі атқа ер салған заманда, «Елім-айлап ел көшкен дәуірде, қалың жаудан үркіп, сырдың бойын сағалаған жалайырды Жетісудағы атамекеніне қайта көшіріп әкелуде Ескелді би, Қабан жырау бабаларымызбен бірге Балпық бидің де ерен еңбегі жайында кеңінен айтылды. Жауға шапса толағай күші тасқан, дауға түссе талайды мысы басқан дала билері, әрі батырлары туралы сан түрлі аңыздар, ақиқаттар әлі де айтыла береді. Олардың сом тұлғалары бүгінгі ұрпақтың және келер ұрпақтардың санасында мәңгі жаңғырып, саханала беретін болады. Балпық бидің: «*Кімнің батыр екенін жау келгенде білерсің, кімнің шешен екенін дау келгенде білерсің*» деген қанатты сөздері күні бүгінге дейін мәнін жойған жоқ. Жеке мемлекет болып, іргесін бекітіп, айдаһармен де, аюмен де шекаралас отырған қарға тамырлы қазақ үшін бұл аталы сөз, мәйекті мақал, ұран болып қалуда.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі:

– Балпық бидің атын шығарған әділ шешімі туралы ел ішінде сақталған мынадай сөз бар. Інісі Кешубай келіншегін емдеп жүрген бақсыны ақ некеге жасаған қиянаты үшін жазалап, басын балтамен шабады. Оның құнын даулай келген ел-жұртты Балпық би: «Бақсыға балта қылмысы үстінде сілтенді. Ұрыға құн жоқ. Ұрыға құн болса, момынға күн жоқ. Әз Тәукенің заманынан бері бура құнсыз, бұқа құнсыз, ұры құнсыз емес пе?!» – деп тоқтатқан екен. «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген» деп осыны айтса керек.

Жалпы XVIII ғасырды ұлы билер ғасыры деп айтсақ болады. Өйткені, әз Төле би, қаздауысты Қазыбек би, айтарын ашып айтқан Әйтеке би сынды қазақтың үш арысының сол тұста берген тәлімі Ескелді би, Балпық би, Жолбарыс би секілді күллі қазақ даласын мекендеп, әділдікті ту еткен билерге жалғасты. 1723 жылы орыстың зеңбірегімен қаруланған қалмақ-жоңғар әскері Жетісу жеріне басып кіргенде

ел билейтін хандар мен сұлтандары қашып кетеді. Ел басына төнген нәубет кезінде халықтың билігі билерге өтті. Батырлар қара қылды қақ жарған билердің көмекшісіне айналды. Оны орыс офицері Голенковский: «Жоңғарлар күтпеген жерден қазақ жеріне басып кіргенде хандар мен сұлтандар жауға қарсылық ісін қолға алмастан қаша жөнелді. Сонда бар билікті, бастаманы, ұйымдастыруды билер алды» – деп жазады. Сөйтіп, 1867 жылы орыс әскері кіргенге дейін қазақтың мемлекеттік басқару жүйесін Ескелді би, Балпық би, Жолбарыс би секілді билер ұстады. Бұл жағдай Орта жүз бен Кіші жүзде де жалғасты. Сондықтан 18 ғасырды билер ғасыры деп атауға толық негіз бар. Оның ішінде жаудан азат етілген ата-баба қонысына елді қоныстандыруға тікелей үлес қосқан Балпық бидің еңбегі ұшан-теңіз.

Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Алматы облысының Құрметті азаматы:

– Менің сөзім Балпық би өсиетінің тағылымы жайында болмақ. Бірінші, төзімділік өңешке қадалған тікен іспеттес. Кірген ізімен кері шықпайды. Амалсыздан қинала-қинала жұтасың. Өкпеңе кетсе дертке ұшырайсың. Асқазаныңа түссе қорытылып, бойыңа қуат береді. Бабалар өткен ұлы жол солай дейді. Екінші, «Артында ұлы қалғанның көзі қалды де, сөзі қалғанның өзі қалды де» деген сөз бар қазақта. Балпық бидің көзі Тіленші әділдікті ту еткен қазы болса, жолын жалғастырған Қарымбай, Жәлменде билер хан, төрені бағындырған, елін ұйыстырған Ұлы жүздің айбынды ұландарына айналды. Үшінші, Балпық бидің жүрегінен шығып, жүрекке жетер өсиеттері ұрпағына шырақ болып жағылып, қуат беретін ұранына айналды. Тіпті, бүгінге дейін біздің арамызда жүр. Төртінші, Әулие Балпық жаны қысылған адамға аян беріп, жебеп жолын ашқан. Батасын беріп, жастардың белін буған. Әділдікті ту еткен басшылардың бағдаршамы болып, бағын ашқан. Бесінші, Балпықтың ізбасарлары Бөлек, Назар, Айту, ағайынды Байқоржын, Сақбай мен Оспан ақ патша тұсында әділ би, адуынды болыс болса, ақ пен қызылдың текетіресінде Қареке, Рақым, Қошым, Пышан болыстар ел есінде ұлтжандылығымен сақталды. Жиырмасыншы ғасырда да нар тұлғалар қатары сиреген емес. Солардың бірі екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, дала академигі Нұрмолда Алдабергенов, Социалистік Еңбек Ерлері Әбдіқадыр Дайыров, Зылиха Тамшыбаева, Ұлы Отан соғысының ардагері Игібай Базарбаев, жиені Көшкінбай Жанатов, күреңбелдің тұлпары Базарбай Бекмұхамбетов сынды азаматтар өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарған. Балпық Би бабаға арналған үлкен мереке қазыналы тойда ас берліп, 19 қазан күні Талдықорған қаласында атшабар алаңындаа ұлттық ойындар (кокпар, аударыспақ, жамбы ату, теңге ілу, қаз куу, асық ату, бес тас, қазақша күрес, қол күрес, қошқар көтеру, арқан тару мен тұлларлардың тұяғы дүбірлеген бәйгеге ұласты.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАМОТНОСТЬ

ОДНА ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ЗАДАЧ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ – ФОРМИРОВАНИЕ ГАРМОНИЧЕСКИ РАЗВИТОЙ ЛИЧНОСТИ. А ВАЖНЕЙШИЙ ПОКАЗАТЕЛЬ ВСЕСТОРОННЕ И ГАРМОНИЧНО РАЗВИТОЙ ЛИЧНОСТИ – НАЛИЧИЕ ВЫСОКОГО УРОВНЯ МЫСЛИТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ. ТО ЕСТЬ ЧЕЛОВЕК ДОЛЖЕН БЫТЬ ФУНКЦИОНАЛЬНО ГРАМОТНЫМ

Что такое «функциональная грамотность»?

Функциональная грамотность – способность человека вступать в отношения с внешней средой, быстро адаптироваться и функционировать в ней. Основы функциональной грамотности закладываются в начальной школе, где идет интенсивное обучение различным видам речевой деятельности – письму и чтению, говорению и слушанию. Сегодня обучение чтению и письму в школе не может ограничиваться академическими целями, оно должно включать функциональные и операционные цели, связанные с повседневной жизнью и трудовой деятельностью. Новая государственная программа обучения ориентирует учителя на развитие функциональной грамотности учащихся. Учителя разных предметов развивают его по-своему. Я уверена, что не только учителя-филологи должны развивать читательскую грамотность у учащихся, но и остальные коллеги тоже должны развивать в учащихся функциональную грамотность.

Ведь основная задача школы – стремиться подготовить ученика, человека способного быть успешным в постоянно меняющемся мире. Надо,чтобы ребенок способен был к познанию, творчески использовал полученные в школе знания по разным предметам в любой учебной и жизненной ситуации, мог при этом саморазвиваться и самоуправлять. Эти ориентиры определены в Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Именно этот документ предусматривает формирование в общеобразовательных школах формирование интеллектуального, физически и духовно развитого гражданина РК. Я же как учитель русского языка и литературы на всех своих уроках главный акцент делаю на текст.

Ознакомившись с теоретическими материалами по развитию функциональной грамотности учащихся по чтению и пониманию текста и проработав их на практике, я думаю, что многие мои коллеги изменили свой взгляд на работу с текстами, научились правильно подбирать тексты и задания к ним, которые будут способствовать развитию ЗУН у учащихся, и которые они смогут использовать и применить на практике, в жизни. Теперь я понимаю, что раньше не очень качественно или, лучше сказать, правильно ведётся эта работа у нас. Мы в большей степени работали односторонне: прочитать текст, пересказать, ответить на простые вопросы.

Мои мысли по теме улучшения данного процесса:

1. Проводить еженедельно словарную практическую работу по изучению отдельных орфограмм в русском языке, которые вызывают затруднения у слабоуспевающих учеников.

2. Разнообразить структуру чтения литературных произведений через творческое осмысление - диалоги, эссе-рассуждение, ролевая игра.

3. Вербальное восприятие письменной речи, проводить через оформление стендов (написание статьи, реферата).

4. Разрабатывать задания к текстам на грамотность чтения: аналитические, информационные, позиционные, интерпретационные. Использовать таксономию Блума.

5. Больше в своей практике использовать интерактивные методы обучения.

Сегодня на разных ступенях обучения надо практиковать такие навыки и умения, без которых сегодня невозможно справляться с решением жизненно важных задач:

1. осмысленно читать и воспринимать на слух, а также продуцировать тексты разных типов (информационного и прикладного характера, литературные тексты);

2. уметь извлекать информацию из разных источников;

3. учиться находить и критически оценивать информацию из СМИ и Интернета;

4. уметь пользоваться источниками и ссылаться на них;

5. уметь читать таблицы, диаграммы, схемы, условные обозначения и уметь применять их при подготовке собственных текстов;

6. реализовывать разные стратегии чтения при работе с текстом.

Школа должна научить своих учеников применять полученные знания в повседневной жизни. В сегодняшних условиях существуют множество продуктивных методов и приёмов работы с текстом.

В результате у учащихся должны быть развиты следующее:

• навыки умственных операций и действий

• навыки переноса знаний

• развиты внимание, воля и творческое воображение.

Известный педагог П.П.Блонский писал, что «превращение школьных занятий из уроков послушания в ряд открытий, делаемых учеником, - это то единственное, что действительно может сделать нашу истину живой, пережитой и осознанной для ребенка». Например, при формировании умения ставить перед собой цель в начале работы учащиеся под руководством учителя приобретают опыт целеполагания на уроках. Затем организуется их мотивация, знакомство с понятием цели деятельности и алгоритмом целеполагания. Далее учащиеся начинают уже самостоятельно применять изученный способ постановки учебной цели на предметных уроках и во внеурочной деятельности, рефлектировать свой опыт, основываясь на согласованном общем способе, уточнять и корректировать свои действия, осуществлять самоконтроль. Так у учащихся и формируется функциональная грамотность, отрабатывается, закрепляется требуемое умение, после чего уровень сформированности данного ИУД контролирует учитель. Например, метод дискуссий, дебатов я начинаю вводить в практику работы уже с учащимися 5 класса. В старшем подростковом возрасте предложенный метод наиболее интересен, так как способствует формированию умений вступать в контакт с любым типом собеседника и поддерживать контакт в общении, соблюдая нормы и правила, слушать собеседника, стимулировать собеседника к продолжению общения, изменять при необходимости речевое поведение. Такой метод позволяет учащимся свободно излагать свои мысли, свое мнение, точку зрения, а также проводить связь с жизнью. На уроках я также использую метод проектов, защита презентаций, создание и демонстрация компьютерных презентаций, которые помогают преодолеть трудности, связанные с личностными переживаниями, чувством неловкости, неуверенности.

Индивидуальная форма работы на уроках с применением приемов «Фишбоун» (рыбья кость), «Инсерт», «Трехчастный дневник», «Оценочное окно», «Синквейн» помогает учащимся интерпретировать, систематизировать, критически оценивать, анализировать информацию с позиции решаемой задачи, делать аргументированные выводы.

Также на своих уроках для развития функциональной грамотности учащихся использую следующие задания:

Задания на уровень «Анализ»:

1. Работа над текстом «С кем дружить?»

• Как вы думаете, в человеке надо стараться видеть только плохое или только хорошее? Почему?

• Почему Алия хорошо знает, с кем ей надо дружить?

2. Составление плана к изложению «Неутомимый Дисней»

3. Нарисовать такую таблицу у себя в тетради, заполнить ее и проанализировать.

Знаю, Хочу знать, Изучил

Окончание – это …

Основа – это …

Корень – это …

Суффикс – это …

Приставка – это …

4. Ролевое чтение диалога

5. Игра «Найди лишнее слово»:

Сад, лето, гора, вода.

Сажать, лететь, горный, водный.

Сажа, летний, гореть, водитель.

Посадка, летом, гористый, водопад.

6. Игра «Найди общее»:

Птица, жизнь, зверь.

Задания на уровень «Синтез»:

1. Работа с текстом «Многозначные слова».

- Угадай, какое определение подходит к рисункам на стр. 26

2. Творческая работа.

Составьте текст из данных слов и выделите части слов:

Начаться, новый, учебный, год. В, школа, начаться, занятия. Мы, изучать, история, русский язык, география, ботаника. На, уроки, мы, читать, писать, рисовать, петь. После, уроки, играть, выполнять, домашние, задания.

3. Составьте кроссворд или ребусы с однокоренными словами

4. Составьте диаграмму Венна:

ОДНОКОРЕННЫЕ СЛОВА …… ФОРМА ОДНОГО И ТОГО ЖЕ СЛОВА

Задания на уровень «Оценка»:

1. Конкурс на лучшего чтеца (стихотворение «После лета» стр. 9)

2. (текст о Маугли)

- Может ли человек научиться говорить, если бы воспитывался не с людьми?

3. Чтение текста «Когда лучше учить уроки?»

Высказать свое мнение в форме рассуждения.

Ответ можно начать так:

• А) - Я считаю, что уроки нужно учить поздно вечером, потому что:

• Б) - Я думаю, что уроки надо учить после небольшого отдыха днем, потому что …

4. Развитие речи.

Как вы понимаете выражение: «Труд – корень всей нашей жизни». Докажите свое мнение.

5. Выполните творческое задание.

Вставьте в предложения родственные слова.

Недалеко от нас ……дом. Завтра ……..начнут возводить стены. На ……..площадку подъезжают грузовые машины. Дом …….. к празднику – Дню Республики.

В этом году в акции «Одна страна-одна книга» участвовала повесть Саина Муратбекова «Запах полыни». На внеклассном занятии я разработала следующие задания:

Разноуровневые задания на основе таксономии Блума в процессе изучения повести С. Муратбекова «Запах полыни».

Уровень 1: «Знание»

1. Назовите автора повести «Запах полыни».

2. Расскажите, в какое время происходят события в данной повести?

3. Назовите главного героя повести «Запах полыни».

4. Как Аян очутился в ауле?

Уровень 2: «Понимание»

1. Какое влияние оказывают сказки Аяна на ребят?

2. Изложите тему и идею повести.

3. Чем отличается Аян от деревенских мальчишек?

4. Назовите последовательность всех событий в повести.

Уровень 3: «Применение»

1. Что позволяет Аяну быть сильным?

2. Каковы были тяготы войны?

3. Что бы вы чувствовали на месте Аяна?

4. Сочините сказку о своих одноклассниках. Какое бы место вы заняли в этой сказке?

Уровень 4: «Анализ»

1. Какие взаимоотношения были у Аяна с другими мальчишками?

2. Были ли у Аяна друзья?

3. Почему Аян стал рассказывать сказки?

4. Разделите текст на смысловые части и озаглавьте каждую из них.

Уровень 5: «Синтез»

1. Почему повесть называется «Запах полыни»?

2. Предложите свой вариант концовки повести.

3. Представьте, что отец Аяна вернется с войны. Как изменится жизнь мальчика?

4. Как вы представляете встречу Аяна и рассказчика?

Уровень 6: «Оценка»

1. Предложите обложку к данной книге.

2. Оправдываете ли вы автора за незаконченность произведения?

3. Составьте аннотацию к произведению.

4. Создайте рекламу для этой повести.

5. Напишите киносценарий по этой повести.

В 10 классе на уроке литературы по роману А.С.Пушкина «Евгений Онегин» использую такие виды заданий:

1. Выберите понравившуюся цитату из речи героев повести и напишите небольшое рассуждение к ней, используя в нем ССП и СПП. (Задание относится к синтезу, оно требует от учащихся критического оценивания. Читатель должен понимать цитату детально и интерпретировать ее, не забывая при этом, что уже создает свой собственный текст, становясь писателем.)

2. Написать «Трехчастный дневник» Евгений – Татьяна-комментарии учащегося

3. «Оценочное окно»: характеристика героев:

Понял ли произведение? О чем оно? Какие черты характера близки тебе? Какие поступки героев ты бы никогда не совершил? Почему?

Используя такие задания, я думаю, что учащиеся лучше поймут это произведение и смогут изученное применить и в своей жизни.

Учащиеся сегодня не только получить в школе знания по определённому предмету, но и научиться применять их в различных жизненных ситуациях. Ведь настоящая жизнь, которая ждёт ребенка за порогом школы , наполнена всякими неожиданностями и преградами, преодолевать которые предстоит ему самостоятельно. И он должен быть готов их встретить и достойно решать, причём решать правильно. А поможем учащимся, наряду с родителями, только мы – учителя. Поэтому мы должны всегда быть высокопрофессиональными мастерами своего предмета и никогда не забывать о функциональной грамотности учащихся.

Базаркуль ШЫНЫБАЕВА, учитель русского языка и литературы КГУ.ОШ № 67 Алмалинского района города Алматы

Полосу подготовила: А. МУРАТҚЫЗЫ

Бейсенбі - Четверг, 31 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 17.15 «Көңіл толқыны»
06.30, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15, 04.00 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 18.00 «Қайран күндер»
12.00, 00.50 «Ниет»
14.10, 22.30 Т/х «Егіз ғұмыр»
15.00, 21.30 Т /х «Жат мекен»
16.00, 04.30 «100 жаңа есім»
16.30 «Nur Tiley». Сұхбат
20.35, 02.20 «Ашық алаң»
23.25 «Әзіл time»
03.10 Т/х «Қалампыр»

ХАБАР

06.00 «Қызық таймс»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00 Жаңалықтар
09.00 Новости
10.00, 22.15 Т/х «Көкжал»
10.50, 18.30 Т/с «Сүрбойдақ»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30 Народный контроль
13.00, Т/с «Семейный альбом»
14.40 Т/х «Разия»
15.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
16.00, 00.15 «Төрлетіңіз!»
17.00, 23.00 Т/с «Листопад»
19.30, Қорытынды жаңалықтар
20.10 Т/х «Келінжан»
20.50 Открытый диалог
21.00 Итоги дня
21.40 Т/х «Мәдениет үйі»
01.25 «Менің тағдырым»

АСТАНА

06.00, 05.30 «Ән мен әзіл»
06.30, «Күлдірген»
07.00, 18.10 «Үмітінді үзбе»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00, 21.00 Т/х «Абысындар»
11.00 Т/с «Королева красоты»
13.20 М/ф «Ну, погоди!»
13.40,00.10 Т/х «Кешіккен хат»
16.20 Документальный фильм
19.20 Т/х «Жүрек сыры-2»
20.00, 02.30 Жаңалықтар
20.30, 03.00 Новости 20.30
22.00 Т/х «Жаза»
03.30 Т/х «Бір болайық»
04.30 Сырты бүтін

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.15 Т/х «Махаббатым жүрегімде»
06.40, 04.00 «Той заказ»
07.10, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/Женское»
12.00 «QALAYYM LIVE»
15.45 «На самом деле»
16.50 Т/с «Майор Соколов. Игра без правил»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 22.50 Т/с «Невский. Чужой среди чужих»
22.00, 02.15 «П@УТINA»
01.00 «Безопасность»

КТК

07.05 «КТК» қоржынынан»
07.30 Кешкі жаңалықтар
08.00,02.00 Т/х «Женнеттің көз жасы»
08.50,17.00 Т/х «Жат туыстар»
09.50 Новости
10.30, 21.40 Х/ф «Морские дьяволы. Смерч-3»
12.45, 23.40 Х/ф «Узнай меня, если сможешь»
14.45 «Письма на стекле»
15.45, 01.10 Т/х «Улы тамшылар»
18.00 Т/х «Қара теңіз»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
03.30-04.10 «КТК» қоржынынан» ойын-сауық

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.25 «Ән-тарих»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Арнайы репортаж»
10.20 «Әлемнің үздік картиналары
10.30 «Ұлт пен рух»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 35-бөлім
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Денсаулық»
12.30 «Қателік»
12.45 «Тарихнама»
13.00 «Шашу»
13.50 «Жыр-тамшы»
14.00 «Ұлылық ұясы»
14.25 «Әлемнің үздік картиналары»
14.30 «Спорт-тайм»
15.00 «Әсем әуен»
15.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
16.00 «Ән шырқайық»
16.40 «Құтқару қызметі»
17.00 Жаңалықтар
17.15 «Тарихнама»
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
18.45 «Әлемнің үздік картиналары»
19.00 «Тұжырым» /тікелей эфир/
19.30 «Қазақ әні»
20.15 «Әсем әуен»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Тілсақшы»
21.30 Новости
22.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 36-бөлім
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 «Ризамын» (каз)
07.00 Информбюро
08.00 «Бауыржан шоу»
09.10 Х/ф «Оливер и компания»
11.00, 21.00 Т/х «ИФФЕТ»
14.00 Т/х «Фазилет ханым»
16.00 Т/с «Интерны»
18.00 Т/с «Кухня»
20.00 Информбюро
00.00 Т/х «Мехектің өмірі»
01.00 Т/х «Адасқан ғұмыр»
01.40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
04.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 Т/х «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10, 04.00 Т/х «Элиф»
08.45 М/ф «Черепашки-ниндзя»
09.25 «О самом главном»
10.40 «Вокруг света за монетой»
11.50, 01.25 «Человек-невидимка»
12.50, 19.20 Т/с «Крепостная»
13.50, 18.15 Т/с «Город особого назначения»
15.00, 22.05 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
16.00, 03.10 Т/х «Жаңа келін»
20.20 Т/с «Гранд»
21.00 Лотерея 777
23.05 «Скетчком Q- ЕЛІ»
23.35 «Япырай»
00.10 Т/с «Разведчицы»
02.40 «KZландия»
04.45 «Айнаонлайн»

Жұма - Пятница, 1 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Көңіл толқыны
06.30, 14.00, 17.00, 20.00,00.50 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама
10.00, 18.00 Т/х. «Қайран күндер»
12.00, 01.20 NIET Әлеуметтік тоқ-шоу
14.10, 22.30 Т/х. «Егіз ғұмыр»
15.00, 21.30 Т/х. «Жат мекен»
16.00 Иман өзегі
16.25 «Менің Қазақстаным»
17.15 Ауылдастар
17.45 «Екі жұлдыз» күнделік
20.35, 02.50 «Ashyq alan»
23.25 «Azil time»
00.15 «Parasat maidany»
03.40 Т/х. «Қалампыр»

ХАБАР

06.00, 00.45 Қызық Times
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00 «Жаңалықтар»
09.00 «Новости»
10.00 Т/х «Көкжал»
10.50, 18.30 Т/Х «Сүрбойдақ»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30 Біздің назарда
13.00 «Семейный альбом»
14.40 Сериял «Разия»
15.00 «Религия. Сегодня »
15.30 «Дневник. Шоу талантов
16.00 Ток-шоу Давайте говорить с Айгуль Мукей
17.00 «Листопад»
18.30 «Бәсеке»
19.30 Қорытынды жаңалықтар
20.10 «Келінжан»
20.50 Премьера Новый курс
21.00 Итоги дня
21.40 «Три часа на побег»
23.00 khabar boxing
01.45 Әсем әуен

АСТАНА

06.00, 05.00 «Ән мен әзіл» концерт
06.30 Күлдірген
07.00, 18.10 Т/Х «Үмітінді үзбе»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 21.00 «Абысындар» т/х
11.00 «Королева красоты»
12.20 «Айтарым бар»
13.20 «Ну погоди»
13.40, 00.10 Т/х «Кешіккен хат»
16.20 Документальный фильм
19.20 «Жүрек сыры-2»
20.00, 02.30 Т/х. «Жаңалықтар»
20.30, 02.30 «Новости 20:30»
22.00 «Жаза»
03.00 Т/Х «Бір болайық»
04.30 «Q-travel»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
06.45, 18.00 Басты жаңалықтар
07.45 Жұма уағызы
11.00 «Мужское/Женское
12.00 «Қалаулым»
15.50 «Жизнь других»
16.50 «Жди меня Казахстан»
18.45, 03.00 «Заң сөйлесін»
20.00 Главные новости
20.45 Поле чудес
22.00, 00.00 «Огненный ангел»
23.00, 02.00 Паутина
04.00 Той заказ

КТК

07.05 КТК қоржынынан
07.35 Кешкі жаңалықтар
08.00, 02.10 Т/х. «Женнеттің көз жасы»
08.50, 17.00 Т/Х «Жат туыстар»
09.50 Новости
10.30 «Морские дьяволы. Смерч -3»
12.45 «Узнай меня, если сможешь»
14.45 «Письма на стекле»»
15.45, 01.20 «Улы тамшылар»
17.00 «Жат туыстар»
18.00 «Қара теңіз» т/х
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Қарапайым-ханшайым»
21.00 « Вечерние новости»
21.40 «Чиста вода у истока»
02.50 «Әйел қырық шырақты»
03.40- 04.10 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.25 «Жыр-тамшы»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Тілсақшы»
10.20 «Әлемнің үздік картиналары»
10.30 «Тұжырым»
11.00 «Бірінші ханым» телехикаясы 36-бөлім
11.45 «Әсем әуен»
12.00 «Қазақ әні»
12.45 «Тарихнама»
13.00 «Шашу»
13.50 «Ән-тарих»
14.00 «Туржорық»
14.25 «Әлемнің үздік картиналары»
14.30 «Әдебиет пен адамзат»
15.00 «Әсем әуен»
15.50 Мультфильм «Шырғалаң»
16.00 «Ел қамы»
17.00 Жаңалықтар
17.15 «Әсем әуен»
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Шашу»
18.45 «Әлемнің үздік картиналары»
19.00 «Желі-KZ»
19.30 «Бай-қуатты болайық»
20.10 «Үшінші көз»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Ел мен жер»
21.30 Новости
22.00 «Зерделі отбасы»
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00, 02.00 Ризамын
07.00 Информбюро
08.00 Бауыржан шоу
08.50 х/ф «Принцесса и лягушка»
11.00 «Иффет»
14.00 Сериал «Фазилет ханым»
16.00 Сериал «Интерны»
18.00 Сериал «Кухня»
20.00 «Информбюро»
21.00 «Воздушный маршал»
23.20 Әзілдер жинағы
00.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.00 «Әзіл студио» каз.

7 КАНАЛ

06.00 «Гу-гулет»
06.40, 21.05 «Азулылар әулеті»
07.40, 17.10,04.00 Т/х. «Элиф»
08.45 М/Ф «Черепашки-ниндзя»
09.25 «О самом главном»
10.40 «Вокруг света за монетой»
11.50 «Человек-невидимка»
12.50 Сериал «Крепостная»
13.50 Сериал «Город особого назначения»
15.10, 22.05 Т/х.«Ата – ана. Бала -шаға »
16.00, 03.10 Т/х. «Жаңа келін»
18.15 х/ф «Я здесь»
20.20 Сериал «Гранд»
21.00 Лотерея «777»
23.05 Скечком «Q-елі»
23.35 Япыр-ай
00.10 «Национальня безопасность»
02.40 KZландия
04.45 Айнаонлайн

Сенбі - Суббота, 2 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Qyzyq eken
07.00 AQPARAT
07.30 «Сәлем Қазақстан»
08.45 Бір күн
09.10 «Екі жұлдыз» күнделік
09.25 Тұсаукесер «Толағай»
10.00,18.00 Т/х. «Қайран күндер»
12.00,03.55 Nur Tiley
12.35 «Тәтті ару» Әбдіжаппар Әлқожаның концерті
13.55 М/ф. «Мегами»
15.20 «Ұры қалыңдық» комедия
17.30,01.25 «Мәдениет жауһарлары»
20.00,02.45 MASELE
21.00 «Екі жұлдыз»
22.40 «Қазақ хандығы. Алтын тақ» тарихи драма
00.55 «Ауылдастар»
01.55 Т/х. «Қалампыр»
03.20 Parasat Maidany

ХАБАР

06.00 Тамаша
07.30 Концерт «Күзгі әуен»
09.15 Өзін өзі тану
09.30 Шебер аспаз
10.00 Д/ф. «История в кадрах»
10. 30 М/с. «Юху и его друзья»
11.30 «Жұлдызды жекпе-жек»
13.15 «Қарақатпен шай»
14.00 Премьера! Шоу талантов «Central Asias Got Talent»
15.40 Т/х. «Келінжан»
18.15 Қызық Times
19.20 Новый сезон. Музыкальное шоу вокалистов «Topjargan»
21.00 «7 күн»
22.00 Мегахит. «Человек ноября»
23.50 Сериал «Черный список»
00.40 National Geographic
01.30 Әсем әуен

АСТАНА

06.00,04.00 «Ән мен әзіл»
06.30,02.00 KazNet ғаламторға шолу
07.00,21.10 Т/х. «Үмітінді үзбе»
08.00 М/ф. «Маша и медведь»
10.00,22.10 Т/х. «Абысындар»
11.00 «Q-Travel»
11.30 Ел аузында
12.30 «Айтыс» концерт
15.10 Х/ф. «Любовь и голуби»
18.00 Х/ф.«Навстречу шторму»
20.00 «Итоги»
20.45 «Біздің ауыл-2»
23.10 Х/ф. «Финансист. Игра навылет...»
01.30 Той жыры
03.00 Сырты бүтін
05.00 «Күлдірген» әзіл сықақ

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «В розыске»
06.50,03.45 Тамаша сити
07.45 Басты жаңалықтар
08.30 Ұшқалақ
09.00 Х/ф. «В тесноте, да не в обиде»
10.55 Х/ф. «Любовь на выживание»
12.50 «Фабрика грез»
13.15 «CONTENT»
14.00 Шоу Максима Галкина «Лучше всех»
15.45 Х/ф. «Дорога ведущая к счастью»
18.00 Сенбілік жаңалықтар
18.35 Кешкі кездесу
20.00 «Главная тема»
20.30,23.00 Сериал «Бабушка на сносях»
22.00, 03.00 Паутина+
00.30 Кино «Отпетые напарники»

КТК

07.05,03.10 Т/х «Айша»
07.50 «Мерекелік концерт»
08.40 «Қарапайым-Ханшайым» реалити-шоу
09.40 Х/ф. «Чиста вода у истоки»
14.00 Х/ф. «Трава под снегом»
18.10 «Сағыныш әуен» Бақтияр Тайлақовтың ән кеші
21.00 «Большие новости»
22.00 Х/ф. «Нарисованное счастье»
01.30 «Қайсар ғашықтар» көркем фильм
03.50-04.30 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.25 «Ән-тарих»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ел мен жер»
10.20 «Әлемнің үздік картиналары»
10.30 «Желі-KZ»
11.00 «Зерделі отбасы»
11.45 Мультфильм «Шырғалаң»
12.00 «Бай-қуатты болайық»
12.40 «Үшінші көз»
13.00 «Шашу»
13.50 «Жыр-тамшы»
14.00 «Экорейд»
14.25 «Әлемнің үздік картиналары»
14.30 «Диалог»
15.00 «Әсем әуен»
15.50 Мультфильм «Шырақ»
16.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
16.30 «Қателік»
17.00 Жаңалықтар
17.15 «Әсем әуен»
17.20 Новости
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Әсем әуен»
18.40 «Полиция қызметі»
19.00 «Жетісу зертханасы»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.00 «Ауылдағы ағайын»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Бағбан»
21.30 Новости
22.00 «Өмір әні»
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00,02.00 Ризамын
07.00,21.30 Анашым біз үйдеміз
08.30 М/с. «Маша и медведь»
09.20 Кулинарная программа «Готовим с Адель»
10.00 Кулинарная программа «Готовим с Адель»
10.30 «Бауржан шоу»
12.40 Кино «Загадай желание»
15.20 А/ф. «Илья Муромец и соловей разбойник»
17.20 Кино «Принц Персии: Пески времени»
19.30 Кино «Последний охотник на ведьм»
23.00 Әзілдер жинағы
23.30 Айта берсін
00.30,04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
03.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.50,05.10 Қуырдақ
07.30, 20.30 Гу-гулет
08.00 «Айнаонлайн»
09.00 М/с. «Фиксики»
09.30 Сериал «Найди меня в Париже»
10.30 «Вокруг света за монетой»
11.40 Сериал «Гранд»
14.50 Япыр-ай
15.30 Т/х. «Ата-ана, бала-шаға»
17.30,03.00 Т/х. «Бұлбұл»
21.00 Лотерея «777»
21.05 Х/ф. «Как женить холостяка»
23.20 Х/ф. «Профессионал»
01.50 KZландия

Жексенбі - Воскресенье, 3 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қызық екен»
07.00 Кәсіпқой бокс. С. Ковалев (Россия) – С. Канело Альварес (Мексика) Прямой эфир
10.00, 18.00 Т/х «Қайран күндер»
12.00, 02.55 «Дара жол»
12.50 Концерт
14.25 «Әзіл әлемі»
16.00 «Екі жұлдыз»
17.30, 03.40 «Бір күн»
20.00 «Арта»
20.45 «Жұсан. Оралу мен оңалу» д\ф
21.15 «Мұзарт» тобының концерті
22.30 КТА
00.00 Кино «Бақыт жолында»
02.05 Т/х «Қалампыр»
04.05 «Ақсауыт»

ХАБАР

06.00 Концерт
07.50 «Самопознание»
08.00 Профессиональный бокс С. Ковалев (Россия) – С. Канело Альварес (Мексика) Прямой эфир
11.30 Топжарған
13.00 Тайны. Судьбы. Имена.
13.45 Мегахит «Человек ноября»
15.35 Т/х «Көкжал»
17.40 Концерт
19.20 «Central Asia`s God Talent»
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.00 Қызық таймс
00.00 Профессиональный бокс

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Қаламгер»
07.00, 04.35 «КазНет»
07.30 «Біздің ауыл-2»
08.00 М/с
10.00, 22.00 «Абысындар»
11.00 Х\ф «Любовь и голуби»
13.50 Айтыс
16.4 0 Той жыры
17.20 Х\ф «Навстречу шторму»
19.20 «Әзіл кеші»
21.00 Т/х «Үмітінді үзбе»
23.00 «Оңай емес»
23.50 Х/ф «Криш - 3»
02.50 Итоги
03.35 «Ел аузында»
05.00 «Әзілстан»
05.15 «Күлдірген»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «В розыске»
06.50, 03.45 «Тамша сити»
07.45 «Сенбілік жаңалықтар»
08.15 «Ұшқалақ»
08.40 «Воскресные беседы»
08.55 Х/ф «Каменное сердце»
12.50 «Контент»
13.30 «Точь в точь»
15.50 Фильм «Вселенский заговор »
18.00 Басты бағдарлама
18.35, 02.45 «Кеш қалмайық»
20.00 Аналитика
20.55, 23.00 Сериал «Рябины гроздья алые»
22.00, 02.00 «Паутина +»
01.10 «Теория заговора»

КТК

07.05 «Сағыныш әуені» концерт
09.30 «Юрмала»
11.40 Мелодрама «Нарисованное счастье»
16.00 «Улы тамшылар»
20.30 «Дау-дамайсыз»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Слуги народа»
22.30 «Переверни страницу»
00.30 «Я стесняюсь своего тела»
02.00 К/ф «Өке»
03.00 «Басты рөлде»
03.25 «Көріпкел»

ЖЕТІСУ

07.05 «Жетісу» телеарнасына 20 жыл» концерттік бағдарламасы
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бағбан»
10.20 «Тындашы, айналайын»
10.30 «Жетісу зертханасы»
11.00 «Өмір әні»
11.45 Мультфильм «Шырақ»
12.00 «Жүрек сөзі»
12.30 «Ауылдағы ағайын»
12.50 «Полиция қызметі»
13.10 «Әсем әуен»
13.50 «Ән-тарих»
14.00 «Арнайы репортаж»
14.25 «Әлемнің үздік картиналары»
14.30 «Ұлт пен рух»
15.00 «Әсем әуен»
15.50 Мультфильм «Күлтегін»
17.00 «Нет-лайк»
17.15 «Әсем әуен»
17.20 «Латыннегізді әліпби»
17.35 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
18.00 «Единый народ»
18.20 Д/ф «Байтақ елдің Балпығы»
18.40 «Полицейская служба»
19.00 «Спорт-тайм»
19.30 «Әсем әуен»
20.10 «Құтқару қызметі»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 К/ф «Әурелең»
23.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.00, 04.30 Ризамын
07.00, 03.00 «Әзіл студио»
08.00 «Айта берсін»
09.00 М\с «Маша и медведь»
10.00 «Большой закуп»
10.30 Бауыржан шоу
11.00 Кино «Замуж в 30»
13.30 Кино «Последний охотник на ведьм»
16.00 Кино «Принц Персии: Пески времени»
18.40 Кино «Пираты Карибского моря: Проклятие черной жемчужины»
21.30 «Анашым, біз үйдеміз!»
23.00 Бауыржан-шоу
00.00 Әзілдер жинағы
01.00 Алдараспан. Нысана. Шаншар әзілдері.

7 КАНАЛ

06.00 « Қыздар арасында»
06.50, 05.10 «Қуырдақ»
07.30, 20.30 «Гу-гу-лет»
08.00 «Айнаонлайн»
09.00 М/с
09.30 Сериал «БАК»
10.00 «Теле бинго»
10.30 «Национальная безопасность»
12.30 Х\ф «Как женить холостяка»
14.45 Скетчкгом «Q-ЕЛІ»
15.00 «Мен сұлумын»
15.30 Т\х «Ата-ана. Бала-шаға»
18.45, 03.00 Концерт
21.00 Лотерея 777
21.05 Х/ф «Хоббит: Нежданное путешествие»
00.40 Х/ф «Профессионал»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ - ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2019 жылдың басынан бастап Қазақстан заңнамасында жаңа жаңалық - Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) енгізілді. Оны енгізудің басты себебі – бейресми жұмыспен қамтылған тұлғалардың қызметін тіркеуді жеңілдету.

Бүгінгі күні бұл төлем 4 міндетті төлемді бір реттік төлеммен алмастырады. Олар:

- жеке табыс салығы;
- БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарнасы;
- мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударым (МӘСҚ);
- әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына әлеуметтік жарна (ӘМСҚ).

БЖТ төлеушілер - кәсіпкерлік қызметті жеке кәсіпкер ретінде тіркеусіз жүзеге асыратын, бір уақытта келесі шарттарға жауап беретін тұлғалар: бірыңғай жиынтық төлемді төлеген; жалданған қызметкердің еңбегін пайдаланбайтын, салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға қызмет көрсететін және акцизделетін тауарларды қоспағанда, өздері өндіретін жеке қосалқы шаруашылықтардың ауылшаруашылық өнімдерін сатумен айналысатын тұлғалар болып табылады.

Сауда және ойын-сауық орталықтарының (СОО) аумағында қызмет атқаратын (белгілі жұмыстарды орындайтын) жеке тұлғалар; жеке практикамен айналысатын адамдар, тұрғын емес үй-жайларды жалға берушілер, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен азаматтар, сондай-ақ, оралмандарды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар БЖТ төлеушілер ретінде есептелмейді.

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес БЖТ төлеушілері болып табылатын жеке тұлғалар үшін БЖЗҚ-ға өз пайдасына төлеуге жататын, міндетті зейнетақы жарналары 2019 жылы төмендегідей:

- республикалық және облыстық маңызға ие қалаларда, астанада – 2525 теңге
- өзге елді-мекендерде – 1262 теңге.

Төлем жасаушыларға бұл соманы өз бетімен 4 төлемге бөлудің қажеті жоқ, ол бюджетке түскеннен кейін тағайындалуы бойынша автоматты түрде бөлінеді.

Бірыңғай жиынтық төлем сомасы «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ-мен келесі шамаларға бөлінеді:

10% - жеке табыс салығы (ЖТС);
20% – әлеуметтік аударымдар (ӘА);
30% – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ);
40% – міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (ММСА).

Бірыңғай жиынтық төлемнің мөлшері алынған табыстың мөлшеріне тәуелді емес және қосымша есептеулерді (кірістер, шығыстар, шегерімдер, пайда) талап етпейді.

Табыс алынған әр ай үшін бірыңғай жиынтық төлемді төлеу қажет.

Бірыңғай жиынтық төлем режиміне түсетін азаматтардың барлық төлемдерді жеңілдетілген шарттарда төлеуге және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатысуға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, БЖТ артықшылықтарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу және сомасы мен түрлері бойынша шектеусіз медициналық қызметтерге қол жеткізу, ММСА енгізілгеннен кейін медициналық мекемені таңдау құқығына ие болу жатады. Жүйеге қатысушының сондай-ақ, еңбек ету қабілетінен, жұмысынан, асыраушысынан айырылған, жүктілік пен босану, бала асырап алған, бала күтімі жағдайында да әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар.

БЖТ төлеушілері болып табылатын қазақстандықтар үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу арқылы жүйеге қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы төлемін алу басты артықшылықтардың бірі болып табылады. БЖЗҚ-да өзінің зейнетақы жинақтарын толықтырудан басқа БЖТ төлеушілері үшін енді зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы төлемін алу мүмкіндігі пайда болды.

Осылайша төлемнің осы түрі енгізілген күннен бастап өткен бірінші жартыжылдықта 121 977 жеке тұлға БЖТ арқылы БЖЗҚ-ға жалпы сомасы 112 млн теңге көлемінде міндетті зейнетақы жарналарын төледі.

Бірыңғай жиынтық төлемнің тағы бір артықшылығы мемлекет кепілдік берген әлеуметтік көмек түріндегі минималды жәрдемақыға айтарлықтай қаржылық өсімнің қосылуы, сонымен қатар азаматтардың табысын растау арқылы несиені төлеу қабілеттілігінің жоғарылауы болып табылады. Яғни, БЖТ-ні төлеуші енді тұрақты төлемдер арқылы төлем қабілеттілігін растап, банктен ресми түрде несие ала алады.

БЖТ екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жалпы сомамен төленуге жатады (мысалы, «Қазпошта» АҚ арқылы). Төлемді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының банктік шотына аудару керек. Бұдан әрі Мемлекеттік корпорация төлемді жеке табыс салығы (ЖТС) және әлеуметтік төлемдер түріндегі төлемдерге бөледі, содан кейін ЖТС аймақ бюджетіне, ал әлеуметтік төлемдерді БЖЗҚ, ӘСМҚ және ММСА аударады.

БЖТ төлеушілер салық есептілігін ұсынбайды. Қызметтің басталуын тіркеу (хабарлау) және қызметті тоқтата тұру (тоқтату) туралы өтініш талап етілмейді. Жеке тұлға төлем жүргізген күннен бастап бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып есептеледі. Егер жеке тұлға төлемді тоқтатса, онда ол БЖТ-ның төлемшісі болып есептелмейді.

ЖОЛДАУ АЯСЫНДА

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН ҚЫЗМЕТ

СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ЕРЕКШЕ ДЕН ҚОЯТЫН МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ. БҰЛ МӘСЕЛЕ ЕЛБАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚҰЖАТТАРЫНДА КӨРІНІС ТАПҚАН.

Сонымен қатар, 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауы тек саяси, әлеуметтік және экономикалық сұрақтарымен шектелмей, оған қоса азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне де ерекше назар аударылды.

Алматы облысының соттары өз қызметін Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғашқы Жолдауында мазмұндалған бірқатар реформаларды жүзеге асыру бағытында, оның ішінде соттардың ашықтылығы мен қолжетімділігі тенденциясын одан әрі жетілдіруді көздеген.

Жоғарғы Соттың бастамасындағы «Сот жүйесінің 7 түйіні» бағдарламасының орындалуымен қатар, азаматтарды жеке қабылдаудың сапасы, сот практикасына тұрақты талдау жүргізу, электрондық сот төрелігін кеңінен қолдану, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз жұмыс атқару сияқты міндеттер күнделікті қызметіміздің маңызды бағыттары.

Бүгінгі күнге дейін, Жоғарғы Соттың аталған бағдарламасы «Оңтайлы орта» жобасының аясында халықтың нақты қажет-тіліктерін қанағаттандыру үшін қоғам мен соттар арасындағы тиімді қарым-қатынасты орнатып, сонымен қатар соттармен атқа-рылып жатқан іс-шаралар, сот-тарда жаңа технологиялардың қолданылуы, санқилы сот жүйесін дамытуға бағытталған пилоттық жобалардың енгізіліп жатқандығы туралы бұқаралық ақпарат құралдарымен әлеуметтік желілер арқылы уақытылы жария етіліп, халық назарына жеткізілуде.

Қазіргі таңда, қандай да бір туындаған мәселе не сұрақ болмасын, жылдам шешім табуды талап етеді. Өйткені, зымыраған уақыт – барлық адамдардың теңдесі жоқ, құндылығы.

Дәл осылай әлеуметтік желілерде аз Бүгінде мемлекеттік органдар мен өзге де қоғамдық институттардың кез-келген бастамасының сәтті іске асуы көп жағдайда ақпараттық жұмысты тиімді жүргізуге тікелей байланысты.

Жылдам, шынайы, ашық және толыққанды ақпараттар мен баспасөз релиздері – дәл осы талаптар қазіргі соттардағы баспасөз қызметінің (ақ-параттық қамтамасыз ету бөлімдерінің) басты функцияларының бірі. Со-нымен қатар, күнделікті Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты-нан бастап, облыстық, қалалық, аудандық және оған теңестірілген соттардың ақпараттық қамтамасыз ету бөлімдерінің мамандары күнделікті, соттардың поштасынан бөлек, әлеуметтік желілердегі парақшаларына келіп түсетін хат-тар, арыздар мен шағымдар, одан бөлек алғыс хаттар мен тағы басқа сыни мақалаларға ден қойып, олардың анық-қанығын тексеріп, тез арада жауап беруі міндеттелген.

Соттардағы баспасөз қызметі көмекші, ұйымдастырушы ретінде өзінің міндетінен бөлек, бұқаралық ақпарат құралдарымен үйлестіруші судьялар әрбір сотта бекітілген.

Үйлестіруші судьялар БАҚ өкілдерімен қатар, Интернет пен әлеуметтік желілерде жұмыс істеу дағдыларын дамытуға айрықша көңіл қойып, жеке өз аккаунттарын жүргізе отырып, сындарлы ынтымақтастық орнатып, ашықтық пен қолжетілімдікті қалыптастыруда.

Президент Жолдауының түйіні мен мәні де, еліміздің дұрыс бағытта өркендеп, қоғамның заңды мүдделері мен қауіпсіздігін алға қойып, барлық мемлекеттік органдар тек халық игілігі үшін қызметін атқарауы тиіс деп түсінеміз.

Алматы облыстық сотының баспасөз қызметі

ІНДЕТ

Еліміздің Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Қазақстан-2050» Стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізу арқылы ғана мүмкін болмақ. Мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұдырықтай жұмыла білуі тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасындағы негізгі басымдықтарының бірі ретінде мемлекет пен қоғамның дамуына зор кедергі келтіріп отырған жемқорлыққа қарсы жүйелі күресті белгілегені де осыған жарқын дәлел болса керек. Бұған біз Президенттің қыркүйектің екінші жұлдызында Қазақстан халқына Жолдауынан да көз жеткізе түсеміз.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белестің ортақ мақсаттарын, оның ішінде сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға негізделген Жолдаудың басым бағыттары туралы егжей-тегжейлі баяндағаны баршаға аян.«Азаматтардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп аталатын Жолдаудың екінші бөлімінде Мемлекет басшысы сот шешімдерінің сапасын жақсарту, ауыр қылмыстың жазасын күшейту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрес, құқық қорғау жүйесін толыққанды реформалау, жауынгерлік қабілетті әскер қалыптастыру туралы атап өтті. Осының ішінде: «Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ.Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет. Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек. Сондай-ақ, заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ»,- деп қадап айтты Президент.

Сыбайлас жемқорлық біздің мемлекеттігіміз бен демократиямызға төнген айрықша қауіп. Сондықтан да біз сыбайлас жемқорлықтың жолын кесудің және қоғамда оның кез-келген көрінісіне ымырасыздық ахуалын қалыптастырудың жағдайын жүйелі түрде жасауға атсалысуға тиіспіз. Осыған байланысты тек құқық қорғау органдары ғана емес, барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар, бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдауы керек, сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық.

Айнаш ӘМІРБАЕВА,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

Тіл адам өміріндегі басты құралдың бірі. Адам ағзасындағы барлық мүшенің өзіндік атқаратын қызметтері бар. Соның ішінде тілдің атқаратын қызметі ми, жүрек, көз, құлақ сияқты, өте маңызды ағзаның бір мүшесі деп білеміз.

ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тіршілік иелерінің ішінде адамдардың басқа жан-жануарлардан ерекшелігі, ол сөйлеу және ойлау қабілетінің ерекше дамығаны. Әлемде қанша ұлт болса, сонша тіл бар. Әр тілдің өз ерекшеліктері мен стилі қалыптасқан. Біздің тіліміз, ана тіліміз, дара тіліміз ол, қазақ тілі - түбі түркіден тараған, тарихтан өзіндік орын алған тілдердің бірі. Ақындарға шабыт беріп, қаламына жан бітіретін, құлағына бұлбұлдың үніндей жағатын, қиынды қиыннан қиыстыратын тіл.

Қазіргі жас ұрпақ, қазақ тіліміздің сақталуы және таралуына тікелей жауапты деп санаймын. Атадан қалған мұра - ана тіліміз. Ұлтты ұлт етіп мойындататын үш нәрсе: бірінші - Тілі, екінші - Діні, үшінші - Жері. Алтыннан да қымбат, әлемнің бар байлығына айырбастамайтын рухани байлығың, салт-дәстүрің, болмысың, мәдениетің, өмірің, тарихың, өнерің, наным мен сенімің - ана тілің. Ол болмаса аталғандардың бәрі саған тиесілі болмайды.

А. ОРМЫШЕВА,
Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжінің орыс тілі пәнінің оқытушысы.

БАЛҚАШ АУДАНЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҰЛҒА

Әлемнің ӘБДІЖӘМІЛІ

«Қан мен тер», «Соңғы парыз» бала күнімізде жастанып жатып оқыған кітаптарымыз. Ол кезде Әбдіжәміл Нұрпейісовтың шығармашылық қабілетіне терең бойлай алмасақ та, автордың ұшан-теңіз ойы мен парасат-пайымы бізді ұлы өмірге жетелеген еді. Біз де ержеттік. Бірақ жазушының бала жүрекке сіңірген әсері әлі өше қойған жоқ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанынан құрылған «Ұлы дала тұлғалары» орталығының ұйымдастыруымен өткен Қазақстанның Халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовпен кездесу барысында сол бір жылдардағы қаламгер шығармашылығына деген сүйіспеншілік тағы да бүр жарды.

Кездесуде аталған жоғары оқу орнының ректоры, профессор Такир Балықбаев сөз алып, жазушының шығармашылығына тоқталды.

– Есімі жалпақ әлемге «Курляндия» романы, «Қан мен тер» трилогиясы және «Соңғы парыз» диалогиясымен танылған арамызда жүрген көзі тірі қайталанбас ірі тұлға, қоғам қайраткері Әбдіжәміл атамыз биыл 95 жаста. Әрине, тоқсанға келу бар да. Өз деңгейімен, қалам қабілетімен, тұлғалық болмысымен осынша жасқа жету екінің бірінің маңдайына бұйырмайтын бақ. Біз сондай тұлғамен кездескенімізді бақытымыз деп санаймыз. Осы орайда, «Ұлы дала тұлғалары» ғылыми-зерттеу орталығының Филология және көптілді білім беру институтымен бірлесе отырып, жазушының мерейтойына орай «Ұлт парызын ақтаған дара тұлға» атты кездесу ұйымдастырғанын кісілікке жасалған қадам деп бағалаймын. Бұның жастарға берер өнегесі аз болмайды, – деді ол.

Кездесуге жиылғандардың да қарасы көп болды. Сол қатарда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебегенов, көрнекті жазушы Смағұл Елубаев, қаламгер Молдахмет Қаназ, ҚР ҰҒА академигі, әдебиеттанушы ғалым Уәлихан Қалижан, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор Бекет Тұрғараев жазушының шығармашылығы туралы терең мазмұнды баяндама жасап, Әбдіжәміл Кәрімұлының қаламгерлік және адамгершілік қырынан тағылымды әңгіме өрбітті.

Кеш барысында ғасырға жуық жасаса да қажыры мен қайратын жоғалтпаған, өткен ізін күні кешегідей есіне сақтаған кеш қонағы ұстазы Мұхтар Әуезов және басқа да қаламдас достары туралы естеліктер айтып, студенттердің сұрақтарына жауап берді. Абай Құнанбаевтың Гетеден аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» атты аудармасын әнімен орындап, асыл тектілігін көрсетті.

Қашанда ақсақалын ардақтап, өткенге құрметпен қарайтын халықтың перзентіміз ғой. Соңында университет ректоры Такир Балықбаев қаламгер, қоғам қайраткері Әбдіжәміл Нұрпейісовтың қазақ халқының руханиятына, Қазақстан Республикасының өркендеп-өсуіне, жастардың патриоттық жігерін серпілтуге, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін ескеріп, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Құрметті профессоры атағының берілгенін жариялап, дипломын тапсырып, профессордың мантиясын кигізді.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» дегендей, тұлғаға жасалған үлкен құрмет кездесуге келген барша қауымға, әсіресе, студенттердің жігерін жаныған, болашаққа ұмтылысын оятқан жақсы әсерімен есте қалды.

Әсел НАЗАРАЛЫ,
«Ұлы дала тұлғалары» орталығының ғылыми қызметкері.

ТАНЫМ

Дәстүрімізді дәріптей білейік

Таң атысымен күнделікті радио құлағын бұраймыз. Ұлттың үнжариясы - «Қазақ радиосында» тыңдарманның көңіл көкжиегін кеңейтетін танымдық бағдарламалар жетерлік. Соның бірі «Ой жүйрікке» құлақ түреміз.

Жүргізуші сан түрлі сауалдар қойып, жеңімпазды анықтайды. Қарапайым ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сауалдарға жауап бере алмай жатқан тыңдармандардың кейбіріне Абай хәкім айтпақшы «қайнайды қаның, ашиды жаның». Кезекті таңертеңгілік ойын сауалдардың бірі төменде аты аталатын салтымызға байланысты болды. Кей жандардың қаперінде жүрсін деген оймен білетінімізді ортаға салдық Ендеше, салтымыз санамызда мәңгілік жаңғырып тұруы үшін дәстүрімізді сөйлетейік.

Атбайлар. Мұның екі түрі бар. Жас отаудың шаңырағы көтерілген соң ағайын-туыстар оған шашу шашып, «керегесі кең болсын», «босағасы берік болсын» деген тілек айтады. Ет жақыны босағаға жылқы байлаған. Сондықтан «атбайлар» атанған асыл мұрамыз.

«Атбайлардың» екінші түрі – кәде. Құдағилар келгенде немесе күйеу қалыңдығын алуға келгенде олардың жеңгелері алдынан шығып түсіріп алып, атын байлайды. Бұл да «атбайлар» деп аталатын той салты. Оған арнайы кәде беріледі.

Жалпы, қай халықты алсақ та оның өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Салт-дәстүр сол халықпен бірге жасасып, оның тарихында өшпес із қалдырады. Бірақ, ұмыт болып бара жатқан ұлттық салт-дәстүрлеріміз де жоқ емес. Сондықтан ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, келер ұрпаққа табыстау біздің қасиетті парызымыз.

Шарбану МАРАИМОВА,
М.Жұмабаев атындағы орта мектептің мұғалімі.
САРҚАН АУДАНЫ

ОЙ ЖҮЙРІГІ

Көңіл көкжиегі

Журналисті аяғы мен қаламы асырайды деуші еді. Ал біз жүрмей, жүгірмей, қаламсыз, қамсыз тірлік кешіп жүрміз деп жымиды жас жігіт.

* * *

Әке мен шешеден кейінгі жанашырың ағаң. Көмекке зәру кезде көмек қолын созатын да, әке мен анаға өмір бақи қарап өтуге, қамқорлық жасауға серт берген де – ағаң. Бірақ, ол сол сертінде тұрмады.

* * *

«Кейде мен мына Үкіметтің жиналысын алыстағы бір ауылда өткізсе деп армандаймын. Себебі осы Үкімет мүшелерінің бәрі болмаса да жартысынан көбі ауылда болмағандар» деп жазған Талғат (Теменов) ағамның бұ сөзін «көкелеріміз» құлағына ілер ме екен, – деді құрбым.

* * *

Он үш жарым теңгені үшке бөлдім. Үш адамға төрт жарымнан айналды – деді баласы.

-Мұның қалай? Үшке бөлгені несі?

- Олай етпесем, мен қаржыгер бола алмаймын ғой деп жымиды ол.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

ПОЭЗИЯ

СЫРЛАСУ

Құлагерің төрт аяқты жылқы еді,
Ол адамның, қанаты еді мүлкі еді.
Мал болса да Құлагерге қайғырған,
Біздің қазақ, елжіреген жұрт еді.

Ұмыта алмай Құлагердің өлімін,
Оқығанда мен де қатты егілдім.
Адам тұрмақ хайуанды аяп тұратын
Өнегесі ерекше еді елімнің.

Қан жылаған жүрегіңе берілдім,
Жараланған сұңқар болып көріндің.
Жерде жүріп, жалақорға шүйіккен,
ІЛИЯС аға! Сұңқары едің еліннің.

Мысың басты, талайлардың желігін,
Үлгі-өнеге ұрпағыңа ерлігің.
Қасқайып өскен қайыспайтын
қайран ер,
Құлагердей болды-ау сенің өлімің.

Құлагер емес, өзіңді айтып
кеттің бе?
Жүйрік тілмен өз түбіңе жеттің бе?
Өміріңді өзгеден бөлек сараптап,
Қалам алдым көз жасымды
төктім де.

Әділетсіздік бар әлемді шарлаған,
Тұншықтырып жақсыларды
жалмаған.
Сақал сипап, кеңес берер қарияң,
Бірақ жерде күңіреніп зарлаған.

Даусын естіп төзе алмастан
зарланам,
Бала жетім, қыздарды көріп
алданған.
Төрт аяқты жыртқыштардан
қорқушем,
Келеді екен, барлық пәле адамнан.

Кімге барып, кімдерменен
сырласам,
Ұйқыда ел, берілемін мұңға сан.
Шықпай жалын, жоқ амалым
отырмын.
Сіздей болып, менде шіркін
жырласам.

Жүрек сыздап, кірпік ілмей
жатырмын
Күйін кешіп дәрменсіз
бір пақырдың.
Өзіңізбен сырласуды жөн көрдім,
Кешір аға! Жеткені осы ақылым.

Мен сияқты қам көңілдер бар әлі,
Әділетсіз, тыныштықтан
жаралы.
Бейбіт болып көрінеді мына әлем,
Қасірет көп бастары да қаралы.

Бұл ауыр күй, ақын жанды адамға,
Болып жатыр небір сұмдық
ғаламда,
Шер тарқатам ел ұйқыда
жатқанда,
Ақ қағазбен қаламымды алам да.

Сізге айтып бар сырымды
ашылдым,
Бір дем алып, шынымды айтсам
басылдым.
Жатқан жерің торқа болсын
ағатай,
Құбылысын айтып болдым
ғасырдың.

Күншайым ЖАТҚАНБАЕВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ALMA MATER СПЕЦИАЛИСТОВ БУДУЩЕГО

Казахская головная архитектурно-строительная академия стоит у истоков инновационных процессов системы образования и ведет подготовку специалистов самых востребованных профессий современности.

Многоуровневая система предусматривает подготовку в лицее, колледже, бакалавриате, магистратуре и докторантуре КазГАСА по специальностям «Архитектура», «Дизайн», «Строительство», «Производство строительных материалов, изделий и конструкций», «Инженерные системы и сети», «Технология деревообработки и изделий из дерева», «Экономика», «Учет и аудит», «Геодезия и картография». Учебные планы и программы каждой ступени составлены так, чтобы обеспечивалась непрерывность системы образования. Тем самым академия дает возможность учащимся и студентам выбрать соответствующий их интеллектуальному развитию уровень образования, стимулирует повышение квалификационного уровня, создает все условия для реализации творческого подхода и получения полноценного профессионального образования.

Наиболее способные студенты вовлекаются в научную работу и принимают активное участие в различных научно-исследовательских проектах, Международных смотрах-конкурсах лучших работ. Одаренным студентам и магистрантам, обучающимся на платной основе, присуждается специальная стипендия академии «Scolarships». Проведение ярких, запоминающихся мероприятий «Посвящение в студенты», «Осенний бал», «Мисс КазГАСА», «Ярмарка выпускников», «Ғашықтар күні», спортивных состязаний «Президентская миля», «Спартакиада» и многих других стало доброй традицией нашей академии.

Академия гордится своими выпускниками, многие из которых ныне занимают ответственные посты, являются руководителями крупных строительных компаний и проектных институтов и НИИ, признанными учеными.

Выбрав нашу академию, вы получите прекрасное образование и специальность, которая позволит вам реализовать свой потенциал и творческие возможности, а также пополнить ряды креативных и востребованных профессионалов нашей Родины.

Жамиля НУРМАХОВА,
Салтанат ТАШИМБАЙ,
ассоциированные профессора КазГАСА.

ПРЕИМУЩЕСТВА ВНЕДРЕНИЯ ЛАТИНИЦЫ

Переход на латиницу продиктован требованиями научного и образовательного процессов XXI века. Переход на другую графику даст возможность интеграции в мировое пространство, облегчит доступ к достижениям научно-технического прогресса. В данном случае затрагивается вопрос о переходе национального языка на латиницу. В этом плане Первый Президент Казахстана - Елбасы Нурсултан Назарбаев предопределил будущее письменности казахского языка, развеяв складывающиеся споры, обсуждаемые на протяжении последних десяти лет среди специалистов-языковедов, литературных деятелей, представителей активной части интеллигенции, а так же в средствах массовой информации. Поскольку,переход на латинскую письменность должен способствовать преодолению значительного влияния, так сказать доминирования, на казахское самосознание.

Одной из положительных сторон внедрения латиницы является то, что она занимает лидирующее положение в мире, поскольку ее знают и пользуются более 4 млрд. населения планеты. Еще одно преимущество состоит в том что, переход на латинскую графику, по идее, должен стать своеобразным толчком, катализатором дальнейшего развития казахского языка. Это также позволит произвести ментальное единение с многочисленными диаспорами казахов, проживающих за рубежом, которых около пяти миллионов. Благодаря латинице у нашей молодежи будет больше возможностей для получения информации в Интернете, частого доступа к пространству в сфере образования и науки, быстрому ознакомлению и обучению, благоприятно отразится на объединение тюркского мира и Казахстана. Для нашей страны будет выгодна единая письменность с такими странами, как Турция, Азербайджан, Узбекистан.

Рассуждая о внедрении латиницы, можно без предрассудков заявить, что и в настоящее время мы уже непроизвольно стали пользователями латиницы. В век информационных технологий, когда практически вычислительные и телекоммуникационные системы ворвались в быт всего населения, латиница стала языком техники. Ко всему прочему влияние латинского алфавита в случае перехода будет значительным, поскольку казахский язык получит возможность отражения в сети Интернет, станет доступнее для изучения, а также поможет нашим гражданам в овладении иностранными языками. А самое главное - Казахстан сможет быстрее интегрироваться в мировое сообщество. Естественно, что процесс этот непростой, в какой-то момент будут и трудности, но со временем все образуется, и граждане страны будут свободно писать и читать на латинице.

Бейбит ТУРУСОВ,
судья Талдыкорганского городского суда.

ПОНЯТИЕ БАНКРОТСТВА

Как следует из основных понятий, указанных в статье 1 Закона Республики Казахстан «О реабилитации и банкротстве»:

банкротный управляющий – лицо, назначенное уполномоченным органом в области реабилитации и банкротства для осуществления процедуры банкротства;

кредитор – лицо, имеющее к должнику имущественные требования, возникающие из гражданско-правовых и иных обязательств должника, включая обязательства по оплате труда, уплате социальных отчислений в Государственный фонд социального страхования, обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов, отчислений и (или) взносов на обязательное социальное медицинское страхование, по выплате авторского вознаграждения, налогов и других обязательных платежей в бюджет;

комитет кредиторов – представительный орган кредиторов, избираемый собранием кредиторов в процедурах реабилитации и банкротства и обладающий полномочиями, предусмотренными настоящим Законом;

уполномоченный орган в области реабилитации и банкротства (далее – уполномоченный орган) – государственный орган, осуществляющий государственное регулирование в области реабилитации и банкротства (за исключением банков, страховых (перестраховочных) организаций и накопительных пенсионных фондов);

Роль суда имеет место лишь при рассмотрении дела об ускоренной реабилитационной процедуре, рассмотрении дела о реабилитации или банкротстве. Также, статьями 67, 86 Закона регламентированы полномочия суда в реабилитационной процедуре и в процедуре банкротства.

При возбуждении процедуры банкротства судом определяется срок его проведения. В дальнейшем, в соответствии с пунктом 2 ст. 84 Закона, судом продлеваются сроки проведения процедуры банкротства.

Основной проблемой является то, что банкротные управляющие своевременное не обращаются в суд с ходатайством о продлении срока банкротного производства. При своевременной подачи ходатайства о продлении срока срок банкротного производства сократился бы в разы.

При нарушении срока обращения, банкротный управляющий должен подать заявление о восстановлении пропущенного срока, с указанием причин пропуска срока. Как показывает практика, банкротные управляющие объясняют причины пропуска срока длительную процедуру подачи объявления о собрании кредиторов и др. Между тем, срок банкротного производства указан в решении суда, а впоследствии, срок указывается в определении о продлении, то есть дата окончания срока известна, поэтому банкротный управляющий должен своевременно предпринимать меры для подачи ходатайства о продлении срока. Уполномоченный орган, в силу своих полномочий, обязан контролировать ход процедуры банкротства. Контроль по банкротному производству должен вести и комитет кредиторов.

Жанар ИБРГИМОВА,
судья СМЭС Алматинской области.

ПРЕДУСМАТРИВАЕТСЯ СУДЕБНАЯ РЕФОРМА

Проведение судебной реформы в Казахстане приобрела особую актуальность в связи с реализацией Стратегии-2050,предусматривающей формирование самостоятельной и независимой судебной власти как одной из ветвей государственной власти в Республике Казахстан, повышение эффективности и качества правосудия, достижение открытости и прозрачности судебной системы, усиление гарантий самостоятельности судов и независимости судей как непременных условий обеспечения функционирования демократического правового государства, приведение законодательства Республики Казахстан в соответствие с нормами международного права и международными стандартами в области прав человека, что в конечном итоге должно привести к повышению качества взаимоотношений государства и общества.

Одним из ключевых направлений реформ Первый Президент РК Нурсултан Назарбаев обозначил обеспечение верховенства права и модернизацию судебной системы. Началом таких реформ стало подписание им в феврале 2019 года Конституционного закона РК «О внесении изменений и дополнений в Конституционный закон Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республик Казахстан» и Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам модернизации судебной системы», передает platon.asia. В своей предвыборной программе кандидат в Президенты РК Касым-Жомарт Токаев также заявляет о необходимости продолжения реформы судебной системы. Причины проведения этой реформы, по мнению многих юристов, носят двоякий характер. С одной стороны это политические установки, которые по инициативе Первого Президента Республики Казахстан были направлены на повышение верховенства права и модернизацию сферы правосудия, а с другой - сложившаяся объективная реальность, которая стала препятствием в реализации этих установок.

В частности, Глава государства Касым-Жомарт Токаев в своем Послании «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» подчеркнул: «Ключевым фактором усиления защиты прав граждан и их безопасности являются глубокие реформы судебной и правоохранительной систем. Необходимо осуществить ряд серьезных мер по улучшению качества судебных решений.Право судьи на вынесение решения, исходя из закона и внутренних убеждений, остается незыблемым. Однако следует провести тщательный анализ судебных решений, обеспечить единообразие судебной практики.В публично-правовых спорах при обжаловании решений и действий органов власти граждане зачастую находятся в неравных условиях. Их возможности несоизмеримы с ресурсами госаппарата.Поэтому необходимо внедрение административной юстиции, как особого механизма разрешения споров, нивелирующего эту разницу.Впредь при разрешении споров суд будет вправе инициировать сбор дополнительных доказательств, ответственность за сбор которых, ляжет на государственный орган, а не на гражданина или бизнес.Все противоречия и неясности законодательства должны трактоваться в пользу граждан».

Самал КАЛИМОЛДИНОВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВОЛЕЙБОЛ

«ЖЕТІСУ» – ЖЕҢІМПАЗ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СУПЕРКУБОГЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫС АЯҚТАЛДЫ. БИЫЛҒЫ ЖАРЫСТА «ЖЕТІСУ», «АЛТАЙ», «ЕРТІС-ҚАЗХРОМ» ЖӘНЕ «АЛМАТЫ» КЛУБТАРЫ БАҚ СЫНАДЫ.

«Жетісу» спорт кешенінде өткен жарыста Талдықорғанның «Жетісу» волейбол командасы топ жарды. Жарыс қожайындары үш кездесудің бәрінде қарсыластарынан басым түсіп, Қазақстан Суперкубогын жеңіп алды.

Жарыс қорытындысы бойынша Сана Анарқұлова («Алтай») мен Джоана Паласио Мендоса («Жетісу») турнирдің ең үздік ойыншысы атанды. Ал Суперкубогты жеңіп алған «Жетісу» Азияның клубтық чемпионатында бақ сынау құрметіне ие болды.

Әли БИТӨРЕ

ОҚУ ОРНЫНДА

Жастар жылына орай Талдықорған сервис және технология колледжінде ауқымды спорттық шара өтті.

СТУДЕНТТЕР САЙЫСЫ

Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған шараға колледжде оқып жатқан 600 студент қатысты. Олар дәстүрлі «президенттік миля» жеңіл атлетикалық кросы, арқан тарту және өзге де спорттық нормативтер бойынша сынға түсіп, өз араларында кім мықтыны анықтап көрді.

- Студенттердің барлығын жаппай спортқа тарту мүмкін емес. Дегенмен, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға күш салу – біздің міндетіміз. Шәкірттер де мұны жақсы түсінеді. Қазір біздің колледж студенттері барлық спорт түрінен жақсы көрсеткіштер көрсетіп жүр. Мәселен, қыздарымыз шағын футболдан Алматы облысының және Талдықорған қаласының чемпионы, волейболдан облыс чемпионатының күміс жүлдегері. Өз ісіне жаныңды салып, жауапкершілікпен қарасаң, міндетті түрде нәтижесін көресің. Студенттерімізге әлі де береміз, үйретеріміз көп, – дейді колледждің дене шынықтыру пәні мұғалімі Бақтияр Әбілтаев.

Колледж директоры Ләззат Базарқұлова тек спорттық шараларға ғана емес, студенттерді оқу-білімге ынталандыру жолында да игі істердің бастамашысы болып жүр. Бүгінде колледж заманға сай және сұранысқа ие кәсіби маман даярлауда облыстағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының сапында тұр.

Ал сайыстың мақсаты – үздіктерді анықтау емес, жастарды спортқа баулу болып табылады.

Дәулет БЕЛЕЖАНОВ,
Талдықорған сервис және технология колледжі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

«АЛТЫН ДОП-2019»

ҮМІТКЕРЛЕР ТІЗІМІ ЖАРИЯЛАНДЫ

ФРАНЦИЯНЫҢ FRANCE FOOTBALL БАСЫЛЫМЫ 2019 ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ФУТБОЛШЫСЫ АТАҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ БАРЛЫҚ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАДЫ. ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ФУТБОЛШЫСЫ 2 ЖЕЛТОҚСАНДА ПАРИЖДЕ БЕЛГІЛІ БОЛАДЫ.

Тізімге 30 ойыншы енді: Садио Мане («Ливерпуль», Сенегал), Серхио Агуэро («Манчестер Сити», Аргентина), Френки де Йонг («Барселона», Нидерланды), Уго Льорис («Тоттенхэм Хотспур», Франция), Душан Тадич («Аякс», Сербия), Килиан Мбаппе («Пари Сен-Жермен», Франция), Трент Александер-Арнольд («Ливерпуль», Англия), Донни ван де Бек («Аякс», Нидерланды), Пьер-Эмерик Обамеянг («Арсенал», Габон), Марк-Андре тер Штеген («Барселона», Германия), Криштиану Роналду («Ювентус», Португалия), Алисон Бекер («Ливерпуль», Бразилия), Матейс де Лигт («Ювентус», Нидерланды), Карим Бензема («Реал», Франция), Жоржиньо Вейналдум («Ливерпуль», Нидерланды), Вирджил ван Дейк («Ливерпуль», Нидерланды), Бернарду Силва («Манчестер Сити», Португалия), Сон Хын Мин («Тоттенхэм Хотспур», Оңтүстік Корея), Роберто Фирмино («Ливерпуль», Бразилия), Роберт Левандовски («Бавария», Польша), Лионель Месси («Барселона», Аргентина), Рияд Марез («Манчестер Сити», Алжир), Кевин де Брейне («Манчестер Сити», Бельгия), Калиду Кулибали («Наполи», Сенегал), Антуан Гризманн («Барселона», Франция), Мохамед Салах («Ливерпуль», Египет), Эден Азар («Реал», Бельгия), Маркиньос («Пари Сен-Жермен», Бразилия), Жоау Фелиш («Атлетико», Португалия), Рахим Стерлинг («Манчестер Сити», Англия). Марапаттау рәсімінің қонағы ретінде «Челсидің» бұрынғы шабуылшысы Дидье Дрогба келеді деп жоспарланып отыр.

ДЗЮДО

24-26 қазан күндері Біріккен Араб Әмірліктері астанасы Әбу-Дабиде дзюдодан Grand Slam жарысының кезекті кезеңі өтеді. Халықаралық бәсекеге 104 елден 600-ге жуық дзюдошы қатысады деп жоспарланған. Ал Әбу-Даби татамиінде ел намысын 16 дзюдошы қорғайды.

БАЛУАНДАР ӘБУ-ДАБИДЕ БЕЛДЕСЕДІ

Ташкент татамиінде ерлер арасында Елдос Сметов, Ғұсман Қырғызбаев (60 кг), Елдос Жұмақанов, Ерлан Серікжанов (66 кг), Жансай Смағұлов (73 кг), Дидар Хамза, Руслан Мұсаев (81 кг), Ислам Бозбаев (90 кг), Арман Қалиев. Айбек Серікбаев (100 кг), Ғалымжан Қырықбай, Ерасыл Қажыбаев (+100 кг) белдеседі.

Ал қыздар арасында Анна Казюлина (52 кг), Севара Нишанбаева (57 кг), Иоланта Бердібекова (63 кг), Зере Бектасқызы (70 кг) сынға түседі.

Әли БИТӨРЕ

● ТЕННИС

ДЭВИС КУБОГЫ БАСТАЛАДЫ

18-24 ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА ИСПАНИЯНЫҢ БАС ШАҺАРЫ – МАДРИДТЕ ӨТЕТІН ДЭВИС КУБОГЫ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕННИСШІЛЕРІ ҚАНДАЙ ҚҰРАМДА ӨНЕР КӨРСЕТЕТІНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.

Байрақты бәсекеде Қазақстанның туы астында Александр Бублик, Михаил Кукушкин, Александр Недовесов және Андрей Голубев өнер көрсетеді. Алғашқы екеуі әлемдік рейтингте 51 және 57 орындарды иеленуде. Бұл – жерлестеріміздің арасындағы ең үздік көрсеткіш. Сол себепті Бублик пен Кукушкин жекелеген сайыстарда күш сынасады. Ал Недовесов пен Голубев жұптық бәсекеде шеберлік байқасады. Сондай-ақ, Пиреней түбегіне сапар шегетіндер қатарында қосалқы құрамдағы Дмитрий Попко бар.

Бір айта кетерлігі, биылғы жылдан бастап Дэвис кубогы жаңа форматта өтеді. Алты топқа бөлінген 18 команданың арасынан үздік шыққан сегізі ширек финалға жолдама алады. Мадридте Қазақстанның теннисшілері Голландия мен Ұлыбритания құрамаларына қарсы ойнайды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ҚАЗЫНА

ОҚУҒА МІНДЕТТІ 50 КІТАП

«Рухы биік ел құлдырамайды!». Бірақ, биік рух қайдан келеді?! Әрине, кітап оқудан. «Кітап – білім бұлағы». Осы бір аталы сөз қай ғасырда, қай заманда болмасын өз құнын жойған емес.

Бүкіл адамзат тарихында көне дәуірлерден сақталып келетін тастағы таңбалардан бастап, көптеген жазусызулар арқылы бізге жеткен ақыл-ой, ғылым-білім қазыналары кітап арқылы игілігімізге асуда. Кез келген адамның білімі мен танымының, ой-өрісі мен санасезімінің дамуына кітаптың ұланғайыр әсер ететінін айтып жатудың өзі артық болар. Бұлақтың дарияға бет алғанындай, әліппеден бастау алатын білім кілті кітап оқимын деген адамның сенімді серігіне, айнымас досына айналары сөзсіз.

Сондай 50 кітап тізімін назарларыңызға ұсынамыз. Қажет кезінде көрсетілген сілтемелер арқылы рухани байлығыңызды молайтып отырыңыздар!



1. «Жетім» Мұхтар Әуезов
2. «Қорғансыздың күні» Мұхтар Әуезов
3. «Сіз бен Біз» Оспанхан Әубәкіров
4. «Ақан сері» Сәкен Жүнісов
5. «Ғажайып планета» Талап Сұлтанбеков
6. «Аманай мен Заманай» С.Жүнісов
7. «Алғашқы айлар» М. Иманжанов
8. «Тағдырдың кейбір кездері» Д.Исабеков
9. «Бақбақ басы толған күн» Марат Қабанбаев
10. «Жау тылындағы бала» Қ. Қайсенов
11. «Мен апамның баласымын» Әлдихан Қалдыбаев
12. «Мен қарапайым қарттарды сүйем» М.Мақатаев
13. «Үш бақытым» М.Мақатаев
14. «Жар жағалаған қыз» Адам Мекебаев
15. «Мен қазақпын» поэмасы Ж.Молдағалиев
16. «Интернатта болған жағдаят» Артур Конан Дойл
17. «Ұшқан ұя» Б.Момышұлы
18. «Жабайы алма» Сайын Мұратбеков
19. «Соғыстың соңғы жесірі» Шерхан Мұртаза
20. «Еңбек бірлігі» әңгімесі Ғабиден Мұстафин
21. «Жапон балладасы» Ғабит Мүсірепов
22. «Ананың анасы» Ғабит Мүсірепов
23. «Қазақ солдаты» Ғабит Мүсірепов
24. «Қызыл кітап» Мырза-Әли Қадыр
25. «Бір өкініш, бір үміт» Бексұлтан Нұржекеев
26. «Ақын өлімі туралы аңыз» Қ.Аманжолов
27. «Ақиқат пен аңыз» Әзілхан Нұршайықов
28. «Он бес жыл өткен соң» Естай Мырзахметов
29. «Балалық шағың» М.Жұмабаев
30. «Бір атаның балалары» М.Мағауин
31. «Менің атым Қожа» Бердібек Соқпақбаев
32. «Балалық шаққа саяхат» Бердібек Соқпақбаев
33. «Ауыл шетіндегі үй» Әкім Тарази
34. «Өмір-өзен» Бек Тоғысбайұлы
35. «Өркениеттің адасуы» Шаханов Мұхтар
36. «Құз басындағы аңшының зары» Шаханов Мұхтар, Айтматов
37. «Ләйлі-Мәжнүн» Шәкәрім Құдайбердіұлы
38. «Қоңыр күз еді» Қ.Ысқақ
39. «Жақсы мен жаман туралы» Дулат Бабатайұлы
40. «Жаяу Мұса» Зейтін Ақышев
41. «Қара сөздер» Абай Құнанбаев
42. «Бір тойым бар» Төлеген Айбергенов
43. «Ақбілек» Ж. Аймауытов
44. «Ғасырдан да ұзақ күн» — Ш. Айтматов
45. «Қаһарлы күндер» Тахауи Ахтанов
46. «Ақбоз ат» Тәкен Әлімқұлов
47. «Әліара» Төлен Әбдіков
48. «Қырық мысал» Ахмет Байтұрсынұлы
49. «Елім-ай» трилогиясы С.Сматаев
50. «Атаукере» Оралхан Бөкей

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Біз бұл өмірде біреуді дөңгелек жүзді, ат жақты, қалмақ бет, кең маңдай, тар маңдай деп жатамыз. Былайша, мұнда тұрған ештеңе жоқ, әркімнің өз жаратылысы, өз пошым-пішімі бар. Алайда сонау көне кезеңнен тамыр тартып келе жатқан физиономистика ғылымына жүгінсек, адамның бет-әлпетіне қарап-ақ оның мінез-құлқын, өмір жолын болжап білуге болады. Жеке-жеке тоқталсақ.

БЕТІНЕ ҚАРАП, МІНЕЗІН ТАНЫ

Беттің пішініне байланысты

1. Сопақша бет. Саясаткерлер мен үкімет билігіне ие адамдарда жиі кездеседі. Ол сонымен бірге, адамның ақсүйек тұқымынан шыққандығын да көрсетеді.

2. Беттің симметриялы емес пішінде болуы. Көбінесе маңдайы биік зерделі жандарға және ерік-жігері әлсіз өнер адамдарына тән. Беттің мұндай типі негізінен тым шамшыл емес әйелдер арасында көп ұшырасады.

3. Сопақ бет. Ол адамның жалпы шамшылдықтан жұрдай екендігін танытады. Алайда, ол биік жақ, өткір көзді болса, онда олкүшті, тіпті қиын-қыстау шақта өте қауіпті жан.

4. Дөңгелек жүзділік. Мейірбандықтың, ақ жарқын, ашықтықтың белгісі. Ондай адам жайлы тұрмыс үшін жаның салады. Ол-маңайымен тіл тапқыш, қарапайым турашыл, еңбекқор, айналасына жайлы, оларға қолайлы жағдай жасай алатын адам.

5. Ат жақтылық. Ақсүйектігі басым адамға тән. Олардан іскер ұйымдастырушы, мықты басшы шығады. Оның жұртты бастауға икемі бар, зиялы, іскерлік қабілеті мол. Қажырқайраты мен ерік-жігері де бір басына жеткілікті.

6. Үш бұрышты бет пішін. Бұл жоғары интеллектен, зиялылықтан хабар береді. Мұндай адам сергек те сезімтал. Араларында қулыққа, айлакерлікке бейімдері де бар.

7. Төрт бұрышты бет пішін. Бұл күресе білетін, бірақ өте шабан ойлайтын, бірбеткей және тікбақай адамға тән. Мұндай кескін әйелдерге бітсе, онда оның диктаторлық қабілеті бар және отбасында билік жасауға икемділеу болғаны, әрі бұл әйел өзін ер адам орнына балайды. Төрт бұрышты бет пішіні бар адам дөрекіліктен де, қатал-дықтан да ада емес. Бірақ не істесе де сабырмен, ақылмен істейді. Сөзіне ел сенетін, соңынан жұрт еретін көсемдер көбінесе осындайлардан шы-ғады. Олар ойға алғанын жүзеге асыруда табанды.

8. Томпақ бет. Қырынан қарағанда томпақ бет кісі қалжыңға бейім, ақжарқын келеді.

КЕРЕК КЕҢЕС

ҚАРАПАЙЫМ ҚАҒИДАЛАР

Егер сымбатыңыз тартымды, деніңіз сау болғанын қаласаңыз, диета туралы ойыңызға да алмаңыз. Тамақтану тәртібіне қатаң қағида енгізу — көңіл күйді құртатын бірден бір әдіс. Әрдайым мүсініңіз бірқалыпты болып, артық салмақ мәселесімен бас қатырғыңыз келмесе, қарапайым ережелерді сақтаныңыз.

Арықтау кезінде керекті нәтижеге жету үшін дәмдеуіштер көмегі көп. Імбір, қыша (горчица), қызыл бұрыш, куркума, даршын (корица) диетасыз арықтауға жәрдемдеседі. Бұл пайдалы қоспалар май қабаттарын ыдыратып, қан құрамындағы қантты қалыпқа келтіреді, тәбетті бәсеңдеті.

Диета ұстамай арықтағысы келетіндердің ажырамас досы — көкөністер. Оның құрамындағы жасұнық артық салмақтан арылуға сеп болады. Көкөністер тұтынғанда, әсіресе, жасыл түске көп көңіл бөліңіз. Саумалдық (шпинат), қияр, балдыркөк (сельдерей), көкшөп, орамжапырақ құрамында мол болатын калий ағзадағы тұз теңгерімін реттейді.

Бөліп тамақтану. Диетасыз тез арықтау үшін күніне алты рет тамақтанған дұрыс. Әр үш сағат сайын жүрек жалғап тұрған бәрінен артық шешім болмақ. Нәтижесінде асқазан кішірейіп, зат алмасу процесі күшейеді. Тек жер азығыңыздың мөлшері 400 грамнан аспағанын қадағалаңыз, ал жүрек жалғау кезінде 200 грамм тағам тұтынсаңыз жетіп жатыр.

Көмірсу мөлшеріне көңіл бөлу. Пироог, торт, фастфуд, қуырылған картоп секілді тез салмақ қосуға сеп болатын азықтар дастарқаныңыздан аптасына бір-ақ рет орын алуына болады. Оны да тек түске дейінгі мезгілде жеңіз.

Тәттілерден, газды сусыннан, тез әзірленетін астан бас тарта алмайтын болсаңыз, оны қолданарда өзіңізге шарт қойыңыз. Су ішесіз, жеңіл салат жейсіз, белде шеңбер айналдырасыз, киім салатын сөрені ретке келтіресіз не билейсіз. Осы шартты орындаған соң ғана аңсарыңыз ауған азықты тұтынуға рұқсат. Мүмкін осылардың бәрін орындап болғанша, құмарыңыз тарап кетер.

Диетасы арықтауда ынталану, жігерлену маңызы зор. Құлшына кіріссеңіз тез әрі жеңіл арықтайсыз. Ол үшін қызметте көтерілу, мықты денсаулық, жаңа ғашық секілді ынтаңызды жоймай, жоғарылататын мақсат табыңыз, тек дұрысын таңдаңыз.

ДЕНСАУЛЫҚ

ТАБИҒИ АНТИБИОТИКТЕР

Күз мезгілі - иммунитет әлсіреп, адам организмі ауыруға биім тұратын кезең. Дәрі-дәрмекке уланбай емделудің табиғи жолдарын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Ауырғанда қолдануға болатын табиғи антибиотиктерді оқырмандарымызға ұсынамыз..

Ақжелкек (хрен)

Ақжелкектің тамырында қыша майлары және ферменттер бар. Оны жаққан кезде оттегінің әсерінен екі зат бірігіп, аллил қыша майлары қалыптасады. Мұның өзі мұрын мен тыныс алу жолдарының бактерияларымен күресетін өте күшті табиғи антибиотик болып табылады.

Трахеит, бронхит, созылмалы жөтел кезінде: 1 ас қасық үгітілген ақжелкекке 3 ас қасық бал қосып араластырып, тұндырып қоямыз. Дайын болғаннан соң күніне 1 шай қасықтан 5 рет тұтыну қажет, қоспаны ауызда еріту қажет.

Мүкжидек

Зәр шығару жолдарындағы зиянды бактерияларды тазалап, қуатты антибиотик және вирусқа қарсы зат ретінде әрекет етеді. Мүкжидек — тамаша антиоксидант, бұл еркін радикалдардың зиянды әсерінен жасушаларды қорғайтын заттарға бай.

Мүкжидек квасы

Мүкжидекті жуып, жентектен, оған су құйып қайнатады да сүзеді. Сонан соң алынған тұнбаға қант қосып қайтадан қайнатады да, суытады, (тұнба шамалы жылу үшін). Содан кейін ашытқы салып, араластырып, бір тәулік қояды. Шөлмекке немесе банкаға құйыл, салқын жерде сақтайды. 2-3 күннен кейін квас әзір болады. 800 г мүк жидегіне: 350-400 г құмшекер, 40 г ашытқы керек.

Сарымсақ

Сарымсақ қан, ішкі органдар мен тыныс алу жолдарының зиянды бактериялары, ішек паразиттері және вирустарды жоюға көмектеседі. Ол қан қысымын төмендетеді және қанның ұюын болдырмайды. Сарымсақ ісікке қарсы және денені зиянды заттардан тазартады, соның арқасында антиоксиданттық қасиеттерге ие.

Бір бөлік сарымсақта 400-ге жуық пайдалы компоненттер бар. Олар қандағы холестерин деңгейін төмендетеді және қанды тазалайды. Туберкулез таяқшаларымен хеликобактерді (асқазан жарасын тудырушы бактерия) жойып, ағзадағы құрттарды тазалайды.

Райхангүл (базилик)

Райхангүл — тамаша табиғи антибиотик. Дезинфекциялық, бактерицидтік қасиеттерінің арқасында, ол ағзаны көптеген инфекциялардан қорғайды.

Баспа (ангина)

250 мл қайнаған суға 4 шай қасық майдаланған райхангүл қосып, 20 минут қайнатады. Суытып, тәулігіне 2-3 рет тамағыңызды шайыңыз.

Көкжидек

Бұл жидектің құрамында ауруды төмендетіп, созылмалы қабыну салдарын жоюға көмектесетін табиғи аспирин бар. Көкжидек зәр шығару жолдарының бактерияларын жойып, антибиотик ретінде әрекет етеді.

Деректер интернет желісінен алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Ақтанберді НАЗЫМҰЛЫ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: А. АҚЫБАЕВА

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07. 08. 2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс № 1476
Индекс 15534